



НАУРЫЗ ҚҰТ-БЕРЕКЕ ӘКЕЛСІН!

Құрметті әріптестер!

Судьялар қауымдастығы атынан сіздерді көктемнің көркем мерекесі – Наурыз мейрамымен және қасиетті Рамазан айының басталуымен құттықтаймыз.

Халқымыз бұл мерекені ежелден жылдың жаңаруымен байланыстырып, ертеңгі күннен зор үміт күтіп, жаңа жоспарлармен қарсы алған. Қыс қыспағынан соң жылулық келіп, жер арқасы кеңіп, диқандар мен шаруалар үшін жерді игеріп, малды өріске айдатын қым-қуыт тіршілікке толы қауырт кезең басталады.

Халқымыздың ұлттық мерекесі – Наурыз, еліміздің рухани игіліктері, гуманизмдік ұстанымдары мен адами құндылықтарын дамытуға, ізгілік пен мейрім дәстүрін біздің ділімізге берік орнықтыруға ықпал етеді.

Наурыз мерекесіне тән жалпы адамзаттық құндылықтардың, Шығыс халықтарының өзіндік мәдениетінің арқасында БҰҰ Бас Ассамблеясы оны ұлттық бірегейлік пен іргесі сөгілмес бірлік мұратын сақтайтын адамзат өркениеті мен тарихының жетістігі деп санап, ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраларының тізіміне енгізіп, Халықаралық күн деп жариялады.

Қазақстан бүгінгі таңда да өз саясатында осы негізгі адами құндылықтарды, әділеттілік қағидаттарын ұстанады. Бұл құндылықтар мен қағидаттар өзекті, әрі адам және азаматтық құқықтары мен бостандықтарын қорғауға байланысты біздің кәсіби қызметімізде жүзеге асырылады.

Ата-бабамыздың баға жетпес рухани мұрасын негізге ала отырып, баршаңызды адамгершілік пен тектілік тұтқасын сақтауға шақырамыз. Мұны бізге моральдық және физикалық тазару кезеңі – қасиетті Рамазан айы да үндейді.

Көктемнің келуімен құттықтай отырып, игілік, ізгілік, бейбітшілік пен татулық тілейміз! Наурыз жылуымен жанымызды жадыратып, санамызды серпілтіп құт-береке, күш-қуат әкелсін!

Наурыз мейрамы мен қасиетті Рамазан айы құтты болсын!

Сәкен АБДОЛЛА,
Қазақстан Республикасы
Судьялар одағының төрағасы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ - КЕЛДІ МІНЕ, ЖЫЛ БАСЫ!



Наурыз мерекесінің тарихи дәуірлерде, дәстүрлі қазақ қоғамында алатын орнын айғақтайтын маңызды жазба деректер қатарын Алаш қайраткерлерінің жазбалары қамтиды. «Наурыз» хақындағы бұл жазбалардың маңыздылығы – Алаш арыстарының дәстүрлі Наурыздың болмысын өз көзімен көріп, дәлме-дәл беруінде. Яғни, «Көрісу», «Жасың құтты болсын» деп айтудың, Наурыз көжеге ет пен ағарғанды қосудың мәнін таба аламыз.

(Соңы 3-бетте)

САЯСИ ДОДА

САЙЛАУ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Сонымен жарты жылдай қоғам назарын өзіне бұрған Мәжіліс пен мәслихаттардың кезектен тыс өткен сайлауы да өз мәресіне жетті. Бұл саяси дода бұрынғыдан өзгереді деп айтуға дәлел көп. Ақиқатында қоғамның даму эволюциясы, азаматтық қоғамның қалыптасуы сайлауды біршама өзгеріске ұшыратқанына куә болдық. Атап айтқанда, үгіт-насихат жұмыстарына жарты жылдай уақыт берілді.

Жаңадан саяси партиялар құрылды.

Бір мандатты округтер бойынша үміткер кандидаттарға дауыс беруге мүмкіндік беріліп, әртүрлі көзқарас, идеядағы азаматтарға жол ашылды. Осының арқасында сайлау белгілі деңгейде ашық форматта, бәсекелестік жағдайында өтті деуге болатындай.

Бұл сайлауда Мәжілістің 98 депутаты орнының 69-ын партиялық тізім бойынша, 29-ын бір мандатты округтер бойынша иелену керек

болды. Осы мақсатта оған Мәжіліс сайлауына жеті саяси партия жіберіліп, олардың 283 мүшесі депутаттыққа үміткерлер тізіміне енді. Бір мандатты округтер бойынша 435 кандидат тіркелген болатын.

Өткен жексенбі, яғни наурыз айының 19-ы күні сайлау учаскелерінің көпшілігі таңғы сағат 7:00-де ашылды. 12 миллионнан астам азаматтың кешкі сағат 20:00-ге дейін дауыс беріп, өз таңдауын жасауына толық мүмкіндік жасалды.

Қазақстан тарихында бұған дейін Парламент Мәжілісіне сайлау аралас жүйе бойынша өткені белгілі. Биылғы сайлау Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының бір күнде сайлануымен ерекшеленді. Онда екі жүйе қатар, яғни, пропорционалды (партиялық тізімдер бойынша) және мажоритарлық (бір мандатты округтер бойынша) қолданылды.

Дауыс беруге арналған бюллетенге тараптардың аты-жөні жеребе бойынша анықталған тәртіппен енгізілді. Сайлау бюллетеніндегі партиялардың көшін Аманат партиясы бастады. Одан соң «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы, сосын Республика партиясы, Қазақстан халық партиясы, «Байтақ» қазақстандықтардың жасыл партиясы, «Ақ жол» партиялары орналасып, ең соңғы

болып Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы орын алды.

Барлық деңгейдегі (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, қалалар мен аудандардың) мәслихаттарына 3415 депутат сайлануы керек еді. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың өкілді органдарында депутаттардың 50 пайызы партиялық тізім бойынша, 50 пайызы бір мандатты аумақтық округтерден сайлануы тиіс. Ал қалалар мен облыстардың және астананың өкілді органдарында депутаттардың 100 пайызына тең. Мәслихаттардағы 334 орынға 118 партиялық тізім бойынша 1447 үміткер тіркелді. Бір мандатты аумақтық округтер бойынша – 10288 кандидат бақ сынады. Олар 3081 мандат үшін күресті.

(Соңы 2-бетте)

САЙЛАУ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Яғни, бір мандатқа үш үміткерден келді. Орталық сайлау комиссиясы мен аумақтық сайлау комиссияларында барлығы 12 451 кандидат тіркелді.

Парламент Мәжілісі мен мәслихат депутаттарын сайлау үшін дауыс беру дәстүрлі форматта – тек қағаз бюллетень арқылы өтті. Сайлау учаскелерінде түрлі-түсті бюллетендердің бес түрі болды. Атап айтар болсақ, бірінші көк бюллетень партиялық тізімдер бойынша Мәжіліс депутаттарына дауыс беруге арналды. Бірінші бетінде Қазақстан Елтаңбасы және бюллетеннің атауы бейнеленген. Екінші бетінде саяси партиялардың лотерея бойынша айқындалатын тәртіппен атауы және «Барлығына қарсы» деген жол және бюллетеньге белгі қою тәртібі көрініс тапқан.

Екіншісі – жасыл – бір мандатты аумақтық сайлау округтері бойынша Мәжіліс депутаттығына кандидаттар үшін дауыс беру парағы. Жасыл бюллетендер де әртүрлі көлемде болды. Бұл орайда оларда округке байланысты 5-тен 42-ге дейін кандидаттың болуы мүмкіндігі ескерілген секілді. Бұл бюллетенде де «Барлығына қарсы» деген баған болды.

Үшінші күлгін түсті бюллетень облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттары депутаттарын партиялық тізімі бойынша сайлауға арналды.

Төртінші қызғылт сары – күлгінмен бірдей деңгейдегі мәслихаттарға, тек бір мандатты округтер бойынша сайлауға арналған бюллетень. Бесінші сұр бюллетень қалалар мен аудандар мәслихаттарының депутаттығына кандидаттар үшін бір мандатты сайлау округтері бойынша дауыс беру үшін енгізілді.

Халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметкерлері сайлау күні тұрға ықтиярхаты жоқ қазақстандықтарды

тіркеді. Сайлаушыларды тіркеу сайлау учаскесі орналасқан мекенжай бойынша аяқталды, тек сайлау күні – 20 наурызда адам автоматты түрде есептен шығарылды. Мәжіліс депутаттарының кезектен тыс сайлауына шетелде жүрген Қазақстан азаматтарының қатысуына мүмкіндік жасалды. 62 шет мемлекетте 77 сайлау учаскесі құрылды.

Сайлау күні еліміздің басты арнасы «Қазақстан» мен «Хабар» теле арналары «Сайлау – 2023» онлайн-марафонын өткізді. Онлайн марафон 16 сағат бойы үздіксіз тікелей эфирде ақпарат таратты. Марафонға БАҚ саласының өкілдері, депутаттар, саясаттанушылар, министрлер, әртүрлі саланың қызметкерлері мен қоғам қайраткерлері қатысып, түрлі тақырыпта пікір таластырып, ойларымен бөлісіп жатты.

Жалпы, азаматтардың бұл сайлауға ынтыасы, өз таңдауын жасауға деген белсенділігі әр өңірде, тіпті әр округте әр деңгейде болған секілді. Мысалы, Астанадағы өзіміз дауыс берген 19 сайлау округі бойынша дауыс беруге тиіс 2600 адамның сағат 13:00-ге дейін 700-і дауыс беріп үлгеріпті. Онда болған бірнеше бақылаушыны әңгімеге тартқанымызда тиісті талаптардың сақталып, заң бұзушылықтардың орын алмағанын білдік. Ал, ақпарат көздерінен хабардар болғанымыздай, Алматы қаласы бойынша дауыс берушілер саны өте аз. Орталық сайлау комиссиясының мәліметінше, бұл қаладағы сайлаушылардың тек 25,82 пайызы ғана өз еркін білдірген.

Демократия институтының сарапшылары жариялаған Exit-poll мәліметтері бойынша сайлауға 6 521 860 қазақстандық барып, дауыс берді. Ал, ОСК-ның алдын ала мәліметінше, Астана уақыты бойынша сағат 22:00-де сайлаушылардың 54,19 пайызы өз таңдауын жасады. Қазақстан демократия институтының ғылыми-зерттеу қауымдастығы бір тәулікте 12 мың сайлаушы арасында

сауалнама жүргізіліпті. Exit-poll қорытындысы бойынша сайлаушылардың ең көп дауысын Аманат партиясы алып, көш бастап отыр. Бұл ұйымның еншісінде 53,33 пайыз дауыс тұр. Оның соңынан сайлаушылардың 11,26 пайыз дауысымен «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы ілесті. Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы 8,87 пайыздық көрсеткішпен бұл жолы үшінші орында. Қазақстан халық партиясы 6,93 пайыз дауыспен төртінші орында тұрса, «Республика» партиясы 8,33 пайызбен Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы мен «Байтақ» партиясынан қара үзіп кетті. Жалпы ұлттық социал-демократиялық партиясы 5,12, «Байтақ» 2,51 пайыз дауыспен көш соңында қалыпты. Осылайша алты партияның Парламент құрамына өтетінін exit-poll болжап қойды.

Мұндай тұжырымды есту жеңілген партияға қиын болса да, «Байтақ» партиясының төрағасы Азаматхан Әміртаев бұған қарсылық білдірмеді. Ол өзінің әлеуметтік желідегі парақшасына ««Exit-poll қорытындысы бойынша біздің партия Парламентке өткен жоқ. Бірақ «Байтақ» партиясы ұсынылған бағдарлама бойынша өз бетімен жұмыс істей береді», – деп жазды. Сондай-ақ, Парламенттің жаңа құрамына ел игілігі үшін қызмет етуді тіледі. Бұл жолы барлығына қарсы дауыс бергендер қарасы да едәуір. Олар барлық сайлаушылардың 3,65 пайызына тең болды.

Тоқтөгерін айтқанда, бұл сайлау демократияға жасалған батыл қадам болды. Әрине, олқылықтар аз емес. Интригалар да орын алмай қойған жоқ. Десе де, халықтың өз болашағы үшін алаңдап, амал жасауға болатынын ұқтырған бұл сайлау жаңарудың, жаңғырудың басы болары сөзсіз.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»



ҰЛТТЫҚ КИІМДЕР ТРЕНДТЕ

Бүгінде қыз-келіншектер арасында қазақы әрі заманауи стилде тігілген ұлттық киімдер мен аксессуарлар үлкен сұранысқа ие. Жыл сайын қазақ қыздарының киімге деген талғамы өзгеріп келеді. Дизайнерлер де қазақы дүниелерді заман талабына сай икемдеп, күнделікті өмірге ыңғайлап, пішіп, тігеді. Ұлттық нақыштағы киім-кешектер мен дүниелер бұрын арнайы мерекелерде ғана киілсе, қазіргі таңда күнделікті өмірімізге дендеп енген. Сәнге құмар қыз-келіншектер оюмен көмкерілген қазақы киімдерді киюді әдетке айналдырған. Киім әлеміндегі бүгінгі талғамға қатысты тігінші, этно-дизайнер Айнұр Кененбаймен сұхбаттасқан едік.

– Ұлттық дүниелердің қайта жанданып жатқаны көз қуантады. Қазақы киімдердің қай түрін тігуге айналысасыз және қандай киімдерге сұраныс көп?

– Ұлттық киімдердің қазіргі таңда заманға сай, күнделікті тұрмыста басқа да киімдермен үйлестіріп киюге болатын кәжекей, тақия, көйлек, шапан, жилет, жакет, нымша, белдемше тігеміз. Жастар арасында этно корсет ерекше танымал. Қыз-келіншектерге арналған қазақша оюмен көмкерілген көйлек пен кәжекей және этно корсетке анайы тапсырыс беретіндер көп.

– Тұтынушылардың жас мөлшері қандай?

– Жасөспірім қыздардан әжелерімізге дейін ұлттық киімге қызығушылық танытады. Тек қана әйелдер емес, жігіттер мен ағаларымыз да бар оның ішінде. Қыздар қауымы, корсет, тақияға сұраныс білдірсе, әжелеріміз жакет, кәжекейге тапсырыс беріп жатады. Көбі той-томалаққа арнап тіктіреді.

– Әдеттегі киімдерге қарағанда ұлттық нақыштағы киімдерді тігуге қандай айырмашылық бар?

– Өзге киімдерді тіккенде қиялға барынша ерік беруге болады. Сызбасын сызғанда да, өзгерткіміз келетін тұсын өзгерткенде де біршама оңай. Ал ұлттық нақыштағы киімдерде кішкене күрделірек. Әрбір оюы, көйлектер етегінің қазақы нақышта болуы ескеріледі. Әдемілігімен қатар, ыңғайлы болуы, бастысы, қазақылық көрініп тұруы керек. Әрқайсысын әдемі үйлестіре білу үлкен шеберлікті қажет етеді.

– Ұлттық киімдерді тігуге күш пен уақыт, шеберлік көбірек керек. Материалдары тағы бар. Жасырын болмаса, осы кәсіппен қанша табыс табуға болатынын айтыңызшы.

– Табыс жағы сұранысқа, жарнамаға тікелей байланысты. Әр орталықта әртүрлі. Ал

өзіме келер болсам, шығынмен қоса алғанда наурыз, сәуір айларында сұраныс артып, табысым бір миллион мен бір жарым миллион арасында болады. Өзге айларда айына орташа сегіз жүз мың мен миллионның арасында табыс табамын.

– Ұлттық нақыштағы киімдер бастапқы кездегі бейнесінен өзгеріске ұшырады ма? Яғни, бүгінгі трендтегі тақия, корсет, көйлектердің өзіндік өзгешелігі бар ма?

– Иә, әсіресе, жастар талабындағы киімдер минимализмге құрылады. Өйткені, жалпы сән әлемінде қазір минимализм сәнде. Мысалы, тақияларды шығаруда бірінде тек оюлар ғана қолданылса, екіншісіне тек әшекейлер қолданылады. Сонымен қатар, тек дизайнға емес, жігіттер мен ағаларымыз да бар оның ішінде. Қыздар қауымы, корсет, тақияға сұраныс білдірсе, әжелеріміз жакет, кәжекейге тапсырыс беріп жатады. Көбі той-томалаққа арнап тіктіреді.

– Ұлттық киімдер мен әшекей-бұйымдардың болашағын қалай елестетесіз?

– Олардың болашағы тікелей бізге байланысты. Біз қаншалықты құндылығын көтеріп, дәріптесек, соншалықты трендте бола береді. Дизайнерлер де барынша әсемдеп, әдемілеп сан түрін шығарып жатыр. Болашақта ұлттық нақыштағы киімдерді күнделікті киім ретінде тұтынады деп ойлаймын.

«Ұлттық киімдерді тігуде қолданатын тастар мен әшекейлер сырттан келетін жағымсыз энергиядан сақтап тұратын қасиетке ие», – дейді жас маман. Ендеше, ұлттық нақыштағы киімдеріміз, әшекей-бұйымдарымыз жаңғырып, жаңа заманда сәнге қайта келді деп айта аламыз.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
Т. Жүргенов
атындағы Қазақ ұлттық
өнер академиясының
3-курс студенті

ҚЫМЫЗ-ШҰБАТҚА СҰРАНЫС НЕГЕ ТӨМЕН?



Ұлттық статистика бюросының баспасөз қызметі берген мәліметке қарағанда 2022 жылдың 12 айында елімізде 1726 тонна қымыз, 2881 тонна шұбат өндіріліпті. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда қымыз өндірісі 5 пайызға төмендеп, шұбат өндірісі 8,3 пайызға ұлғайғанын аңғартады. Өйткені, алдыңғы жылы 1817 тонна қымыз, 2661 тонна шұбат өндірілген болатын.

Осы арада айта кететін бір жәйт, статистикада әрдайым сусын өндірісінің жалпы көрсеткіші ғана көрсетіліп, қымыз бен шұбатқа қатысты мәлімет назардан тыс қалып жүр. Мәселен, Ұлттық статистика бюросы таратқан хабарламаға қарағанда, «Қазақстанда 2022 жылы қаңтар-желтоқсанда сусын өндірісінің көлемі ақшалай мәнде 764 063 млн теңгені құрады, 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өндіріс 11,2%-ға өсті. 12 айда 2,3 млрд литр алкогольсіз сусын өндіріліп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 9,8%-ға өсті. Минералды және газдалған

сулар бойынша (тәтті емес, хошиіссіз) 656,8 млн литр шығарылды, бұл 2021 жылдың 12 айымен салыстырғанда 1,7%-ға артық. Алкоголь зауыттары 12 айда 64,9 млн литр арақ шығарды, бұл алдыңғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда екі есе көп. Табиғи жүзім шарабы өндірісі 33,5%-ға өсіп, 31,1 млн литрді құрады. Сыра өндірісі 717,5 млн литрді құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 0,7%-ға аз. Қазақстанда сусындар шығарумен 47 кәсіпорын айналысады.

Егер қымыз бен шұбаттың өндірісін агроөнеркәсіп кешені құрылымына қа-

растыратын болсақ, көрсеткіші басқаша болып шығатынын да байқауға болады. Атап айтқанда олар сауылған кезде литрмен, ал өңделіп ұнтақ түрінде шығарылған кезде тоннамен есептеледі. Мәселен, 2018 жылы Түркістан облысында Қытай мен Қазақстанның ынтымақтастық меморандумы шеңберінде құны 6,9 млрд теңгені құрайтын «GOLDEN CAMEL GROUP LTD» ЖШС-нің «Түйе сүтін қайта өңдеу зауыты» инвестициялық жобасы жүзеге асырылған болатын. Тәулігіне 100 тонна түйе сүтін қайта өңдеуге қауқары бар бұл өндіріс орны 2020 жылдың алғашқы тоқсанында Қытайға түйе сүтінен дайындалған ұнтақтың алғашқы 13 тонна өнімін экспортқа шығарған болатын. Бүгінде мұндай өндіріс орындарының саны елімізде бір емес, бірнешеу. Емдік және өзге де дәрумендік қасиеттеріне байланысты шетелдіктер ерекше қызығушылық танытып отырған қымыз бен шұбат өндірісі соңғы жылдары тек түркі халықтары арасында ғана емес, әлемнің өзге елдерінде де кең қанат жайып келе жатыр. Сондай өндіріс орындарының бірі Украинада орналасқан.

Қымыз бен шұбаттың емдік қасиеттері ғылыми ортада ХІХ ғасырдан бастап мойындалып, патшалық Ресейде және кейін Кеңес одағының бірқатар елдерінде арнайы орталықтар ашыла бастаған. Алайда, насихаты аз болғандықтан, қымыз бен шұбатқа деген сұраныс айтарлықтай жоғары бола қойған жоқ. Ондағы оң үрдіс тек ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығынан бастап қана байқалды. Бұл әсіресе, коронавируc індеті тарала бастаған кезде айқын аңғарылды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТАҒЫЛЫМ

ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ - КЕЛДІ МІНЕ, ЖЫЛ БАСЫ!

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мәселен, «Қазақ» газеті (1913–1918) әр жыл сайын, 9 наурызда газеттің бас айдарын Наурыз тақырыбына арнаған. «Еңбекші қазақ» газетінің 1923 жылы №75 санында «Мадияр» деген атпен Міржақып Дулатов «Қош келдің, Наурыз!» атты жазбасын жариялаған. Мағжан Жұмабаевтың «Наурыз» жазбасы да Жылдың жаңа күніне орай жазылып, «Жаңа мектеп» журналында жарық көрген. 1926 жылы Кеңестік үкімет Наурыз мерекесінің діни сипаты бар деп, ресми тыйым салғанымен, Алаш қайраткерлері Наурыз тақырыбынан ажыраған емес. Бейімбет Майлин «Наурыз күні» өлеңін 1926 жылы, Наурыз тойлауға ресми тыйым салынғаннан кейін «Наурыз тілегі» өлеңін 1927 жылы, «Жаңа тілек» өлеңін 1928 жылы жазған.

Ертеде қазақтар көктем айының бірінші күнін «Қарт Наурыз», ал жылдың басын, яғни, ескіше 9 наурыз, жаңаша 22 наурызды «Жас Наурыз» деп атаған. «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 9 наурыздағы №53 санында жарияланған «Наурыз» атты редакциялық өлеңде: «Сәлем бердік, Жас Наурыз, жылдың басы! Жұрттың күткен мінекей ықыласы!» десе, Сәкен Сейфуллин 1917 жылы жазған «Жаңа Жыл» атты өлеңінде: «Жаңа Жылды қарсы ап тұр, Кәрі-жас та, бала да» дейді. Ал, Бейімбет Майлин «Наурыз күні» өлеңінде: «Құтты болсын, Наурызың! Жаңа тілек, Жаңа жыл» деп жырлайды.

Бас тарту – ертеден Наурыз дастарқаны мәзірінің бірі болған. «Наурыз туғанда мейрам қылып бас асып, қазан-қазан көже істеп ауылдан ауылға, үйден үйге жүріп, кәрі-жас, қатын-қалаш бәрі де мәз болып көрісіп, араласып қалушы еді» («Қазақ» газеті. 1913. №5, 9 наурыз). Наурыз көжемен бастың бірге берілу ғұрпының ертеде кең қолданыста болғанын Мәшһүр Жүсіптің қолжазбасы да айғақтайды. Мәшһүр Жүсіп «Наурыз» жазбасында: «Байырғы қазақ қоғамында «Наурызнама» жасауға шамасы келмегендер, жалғыз қой сойса да Наурыз күні ауылға дәм таттырам деп қамданған», – дегенде «қамданған» сөзінен наурызға дейінгі сойылған мал жайында айтылғанын аңғару қиын емес. Халық арасында: «Наурыз – Жаңа жыл, мал төлдейтін уақытқа тура келген, бұл уақытта қазақтар мал соймауға тырысқан», – деген дерек бар. Басты бірге қосып асқанда мал басының бүтіндігін ырымдаған.

Мағжан Жұмабаев «Жаңа мектеп» журналында жариялаған «Наурыз» жазбасында: «Жаңа жыл күні қазақ әдетінше әр үйде қазан-қазан көже пісіреді. Көженің ішіне қысқы соғымның тек басы салынады. Көжеге көп сүт құйылады. Басты шекені қарттар мүжіп, құлақты балаларға кесіп беріп, басқа жұрттар көжені талап ішеді... Бұл көже ішу (сүт құйған) – келе жатқан жазбен ұшырасып, қарсы алып, ас ішу ретінен аққа (сүтке) көшу. Көжеге тек бас салып асып жеу – қарлы қыспен, қыс тамағы етпен (қызылмен) қоштасу» дейді.

Наурызға деп бас, шеке сақтау, «шекеге шақыру» ғұрыптық ас рәсімін жасау Шығыс қазақтары арасында сақталып қалған отбасылық дәстүр. Наурыз көжені асылған сур еттің немесе кептірілген еттің, қазының сорпасына жасауы, ағарған қосуы қазақтың көшпелі мәдениетімен, дәстүрлі мал шаруашылығымен, ұлттық тағамдар жүйесімен байланысты.

Наурыз көже ішілген соң қариялар: «Ауыз ақтан арылмасын, қызылды уақытымен көрсетсін, жас құтты болсын!» деп бата берген. «Қызылды уақытымен көрсетсін», – деп бата қылғанда, алдағы жылдағы соғымға жеткізсін деп, ниет қылған.

Құшақ айқастырып, көрісудің мәні, жаңа жылдан, жаңа күннен тілек тілеу, қыстан аман-есен шыққандарына тәубе келтіру. Мағжан Жұмабаев: «Қазақтың Жаңа жылы дін әсерінен таза. Бұл күні ешбір құлшылық, дін әдеттері жасалмайды. Бар болғаны ел бір-бірімен көрісіп, «Жасың құтты болсын!» дейді», – деп жазған.

Байырғы аңыз бойынша, Жыл – жаңа туған бала, ол күн санап өсіп, үш айдан соң жігіт болады, күз түскенде қартайып, бурыл бас болады, қыс түсіп қар астында қалғанда кәріліктен өледі, осылайша он екі ай бітуімен ескі жылдың өмірі де бітеді. Жаңа жыл қайта туылғанда, сол туылған күнді құттықтап, қуанғанды құшағына алып сый-құрмет жасау әр адамның міндеті болған екен. Бұл аңыздан қазақ халқының антропоцентристік



Тәттігүл ҚАРТАЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Археология,
этнология және музеология кафедрасының
профессоры, этнограф.

танымындағы «Жыл»-дың адам кейпіндегі моделін аңғаруға болады. Қазақы ортада Наурыз мерекесінде бір-біріне «жасың құтты болсын» немесе «бір жасың құтты болсын» деп айтудың себебін осымен байланыстырады.

Қазақ халқы астрономиялық білімдер жүйесінде ертеде Наурыз мерекесінің келуін, шартты түрде көктем мен жазды біріктіріп, табиғаттың құлпырып, жаңаруына орай, «жаз келді», ал жазды «шілде» деп сипаттаған. «Қазақ» газетіндегі «Наурыз құтты болсын!» атты редакциялық құттықтауда: «9-шы мартта түн мен күн теңеледі. Содан кейін күн ұзарып жылы бола бастайды. Күн жылыға айналғаны – жазға айналғаны. Сондықтан 9-шы март жаз басы болып табылады. Жаз болса дүние жаңаланады... Жылдың төрт тоқсанының ішінде дүниені жасартып, жаңалайтын тоқсаны – жаз. Қысқан қыс өтіп, жайлы жаз келгені, адам түгіл қимылдаған, қыбырлаған жанның бәрі мейрам ететін бір мезгіл... Қыс қайғысын өткізіп, жазға ілініп, көңілдері жадырап, малдары балалап, ірі малға төл қосылып, ауқаттарының артқаны, қазақтың көзіне көрінетін мезгіл – жаз» (1914, №53). Бұл жазбада «жаз» танымын наурыздағы малдың төлдейтін уақытын сипаттаумен ашып көрсеткен.

Міржақып Дулатов «Қош келдің, Наурыз!» атты жазбасында: «...қыс қандай қысылса, жаз сондай жазылатын, жадырайтын шаруашы, еңбекшіл қазақ өткеніне, жаздың жеткеніне қалайша өзгелерден артық қуанбасын, жаздың басы жаңа күн – Наурызды қалайша мейрам етпесін» дейді.

Наурыз айының басында алғаш ұшып келетін көктем құсы, реңі көкала торғайды наурызкөк, наурыз торғай, жылқышы құс, наурызек, көкқұс деп атау кездеседі. Мағжан Жұмабаевтың «Жыл мезгілдері» атты топтамасындағы «Жаз» атты өлеңі «Самалық» атауымен берген жыл құсымен тілдесуімен құнды. Мағжан самалық құсты негізге ала отырып, Наурыз, яғни, Жаңа күннің келуін сүйіншілеп жеткізген деуге болады. Алғаш жыл құсын көргенде балалар қуанышпен «самалық, самалық» деп жүрген. Қазақ халқы «самалық» сөзін жақсы, қуанышты хабарды жеткізгенде, көктемде келген алғашқы жыл құсын көргенде, күн алғаш күркірегенде қолданған. «Самалық» сөзі халық арасында «саумалық» деп те кездеседі.

БАЙҚАУ

Алматы қаласының Мәдениет басқармасы қаңтар айында «Наурыз мейрамы – 2023» арналған ең үздік визуалды безендіру дизайнына конкурс жариялаған еді.

Байқауға қатысушылар ережеде қаланы билбордтармен безендіру бойынша түпнұсқа тұжырымдама әзірлеу және оны альбом түрінде ұсынуы қажет болатын. Бұл альбом

БИЛБОРДТАР МЕРЕКЕНІҢ МАҢЫЗЫН АРТТЫРАДЫ

стилистиканы, түс схемасын және билбордтардың дизайнын қамтуы керек еді.

Өтінімдерді қабылдау 31 қаңтардан 20 ақпанға дейін жалғасты. Жеңімпаздарды Дизайнерлер мен суретшілер одағының, Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасының, сондай-ақ, Алматы қаласы мәдениет басқармасының өкілдерінен жасақталған жұмыс комиссиясы таңдады. Олардың шешімі бойынша Динара Абраева бірінші,

Амантур Бейсенбинов – екінші, Нұржан Ибраев – үшінші орынға лайықты деп табылды. Жеңімпаздар жұлде қорынан 1-орын үшін – 1 млн теңге, 2-орын үшін – 500 000 теңге, 3-орын үшін – 300 000 теңгеге ие болды. Сондай-ақ, олардың жұмыстары Наурыз мерекесі кезінде Алматы қаласының жарнама алаңдарында орналастырылады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

Наурыз мерекесін зерттеуде мен оны төртке бөліп қарастырып жүрмін. Бірінші кезеңі, тазалану сатысы. Онда мерекеден бір апта бұрын халық бүкіл ауыл-аймақты, арық-атызды, өз үйі мен қора-қопсысын тазалайды. Бұлақтардың көзін ашады. Ағаш егеді. Одан кейін көңіл-күйді рухани тұрғыдан да тазалайды. Біреу біреуді өкпелетіп, ренжіткен жері болса кешірім сұрап, татуласады.

АТА САЛТЫМЫЗДЫ ҰЛЫҚТАЙЫҚ

Екіншісі, адамдардың көрісіп, бата алу кезеңі.

Үшінші кезең, наурыздың дастарқаны. Оның бірінші асы – Наурыз көже. Ол ет тағамына да, сүт тағамына да, көкөніс тағамына да жатпайды. Наурыз көже – ғұрыптық тағам. Оған ерекше дайындалады. Бұрын қазақ ауылдарында міндетті түрде тайқазан деген болатын. Наурызда оны ауылдың ортасына құрып, әркім өз үйінде дайындап келген көжесін сонда құяды. Оны ең абыройлы әжелер ең алдымен бірнеше ақсақалға құйып береді. Сосын оны өзге әйелдер ары қарай жалғастырады. Қазір осы дәстүр ұмытылып бара жатыр.

Төртінші кезең, ұлттық ойындар. Бұрын наурыздың 21-нен 22-не ауысар түнде балалар тайынша не

өгізшенің үстіне қуыршақты байлап, Наурыз келді деп ауылды аралатып қуалайды екен. Бұл да бір театрландырылған қойылым іспетті шара. Сосын қыспен қоштасудың белгісі ретінде қамырдан дайындалатын «Қалтырауық қара кемпір» деген тағам жасап жейтін. Наурызда Қыз бен жігіт айтысы, наурыз жырлары деген ғұрыптық жырлар айтылып, мереке жамбы ату, теңге ілу, аударыспақ сияқты ат үсті ойындарына ұласып отырған. Наурыз мейрамы осылайша 9 күнге созылғанын Мәшһүр Жүсіп атамыз да жазып қалдырған.

Ахмет ТОҚТАБАЙ,
Ш.Уәлиханов атындағы
тарих және этнология
институтының қызметкері,
тарих ғылымдарының докторы

ФОРУМ

МӘДЕНИ МҰРА

Алматыдағы Мемлекеттік орталық музейде «Ұлы даланың ұлттық дәстүрлері» атты халықаралық форум өтті. Алдағы уақытта дәстүрлі түрде жыл сайын ұйымдастырылады деп жоспарланып отырған бұл шараның мақсаты – түркітілдес халықтардың этникалық тарихы мен мәдени мұрасын зерттеу.



Музей директорының ғылыми жұмыстар бойынша орынбасары Ғалия Теміртонның айтуынша – форум Наурыз мерекесі қарсаңында өткендіктен, онда қазақ халқының бұл мейрамды тойлауы мен материалдық емес рухани байлығына көп көңіл бөлінді. Мәселен, Көрісу мен ғұрыптық рәсімдерін насихаттауға арналған «STARTUP-NAURYZ» және ерекше білім беруді қажет ететін балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға серпін беруді көздейтін «Жеті қазына» жобасының таныстырылымы жасалды.

Форумда оқылатын баяндамалар «ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенциясының қағидаларын ілгерілетудегі жергілікті музейлердің рөлі мен маңызы»; «Музей, кітапхана, архив жұмысының заманауи инновациялық нысандарының ғылыми және практикалық аспектілері» тақырыптары бойынша топтастырылды. Сондай-ақ, форумда музей саласының өзекті мәселелерін қамтитын «MUZEUM.KZ» ғылыми-тәжірибелік журналының таныстырылымы жасалып, коллекционер, ҚР Еңбек сіңірген өнер қайраткері Азат Әкімбектің «Орталық Азия мен Кавказ халықтарының XVIII–XIX ғғ. зергерлік бұйымдары» көрмесі ашылды.

Музей ісінің маңызды мәселелеріне арналған, отандық музейлердің экспозициялық-көрмелік және ғылыми-зерттеу жұмыстары жарияланатын, насихатталатын кәсіби журнал шығару мәдениет саласының ертеден келе жатқан өзекті мәселелерінің бірі еді. Осыған орай Мемлекеттік орталық музей басшысы Р.Харипова 2022 жылы музей жанынан ғылыми-практикалық журнал шығару туралы бастама көтерді. Бұл бастаманы қызметкерлер толығымен қолдап, 2022 жылдың 30 қыркүйегін-

де өткізілген музейдің Ғылыми кеңес мәжілісінде журнал шығару идеясы ресми бекітілді. Осының арқасында, «MUSEUM.KZ» журналы дүниеге келді. Ол тек музей саласының ғана журналы емес. Журналда музей мен мәдениеттану, тарих, археология, этнография, нумизматика және өзге де жалпы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы өзекті мәселелерге арналған отандық және шетел ғалымдарының жұмысы 3 тілде – қазақ, орыс, ағылшын тілінде жарияланады, – дейді журнал редакторының орынбасары Нұрлан Атығаев.

Оның сөзіне қарағанда, «MUSEUM.KZ» жай ғылыми басылым емес, ол IT технологиялар қолданған медиаконтентпен бірге жүретін интерактивті журнал. Онда 3D-нысандар және виртуалды турлар AR-белгісінің көмегімен қаралады. Журналдың алғашқы санын баспаға дайындаумен қатар оның 3D-нысандар нұсқасын жасау жұмысы жүргізілді. Себебі, электрондық нұсқаның болуы болашақта журналды ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған ғылыми журналдар, Scopus және WoS базаларында рецензияланатын халықаралық ғылыми журналдар қатарына енгізу үшін міндетті талап болып табылады. Осы жұмыстардың арқасында Мемлекеттік орталық музей КРОССРЕФ (Crossref) нысандарды сәйкестендіру бойынша сандық кітапханаларды байланыстыратын Халықаралық қауымдастықтың мүшесі болды. Бұл бізге «MUSEUM.KZ» журналына қажетті ғаламдық интернет желісіндегі электрондық құжатқа тағайындалған нөмір DOI немесе сандық объекті идентификаторын өзіміз жасауға мүмкіндік береді.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ОТБАСЫ - ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Отбасы – бүкіл адамзатқа тән, жүрекке жақын жылы сөз. Отбасының басты қызметі – баланы тәрбиелеу. Жанұядағы тәрбие – бұл тәрбиенің ең басты және негізгі бөлігі. Ата-ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық танытып, саналы азамат болып өсуі үшін қажет жағдайдың бәрін жасайды. Бұған баланың қажеттігін толық қанағаттандыру, дене және ой еңбегіне үйрету, күн тәртібін дұрыс реттеу, салауатты өмір сүру, адал болуға тәрбиелеу, жақсылықты үйрету, жамандықтан жирендіру, бойында жастайынан мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жатады.



Нүргүл ҚАРАБЕК,
«Право» қоғамдық қорының
әлеуметтік қызметкері

Экономикалық тәрбиеге де қазақ халқы ерекше мән берген. Бала тәрбиелеуде экономикалық тәрбие терминін тікелей қолданбағанымен, тәрбиенің бұл түрі отбасында мақал, өсиет айту, өнеге көрсету арқылы жүзеге асқан. Оған «Еңбек – өмірдің тұтқасы, тіршіліктің көзі», «Еңбек – түбі береке», «Үнемшілдік – сарандық емес», «Ескі киімді баптағаның, жаңа киімді сақтағаның», «Сараң дүниенің малын жиса да тоймайды» деген мақалдар дәлел болса керек. Әрине, осыдан ата-бабамыздың экономикалық тәрбиенің негізі еңбекте екенін жақсы түсінгенін

байқаймыз. Экономикалық тәрбие арқылы айырбас, бөлісу және табыс табу сияқты негізгі экономикалық қатынастарды тәжірибеде меңгеру жүзеге асырылды. Қазақ халқы ежелден ұл мен қыз баланы тәрбиесін бөліп қараған. Ұл баланы – мал бағу, отын дайындау, қолөнер шеберлігіне, мал табу, отбасын асырау секілді үйдің сыртқы шаруасына бейімдесе, ал қыз баланы – ас пісіру, кесте тігу, өрмек тоқу сияқты үйдің ішкі жұмысына үйрету арқылы экономикалық тәрбиенің көзі болып табылатын үнемшілдікке, тәуекелшілдікке үндеп, сараңдықтан сақтануды жүзеге асырып отырған. Күнделікті тұрмыс-тіршілігінде төрт-түлікті бағу, аң, балық аулауға дағдыландырудың астарынан да экономикалық тәрбиенің нышаны айқын аңғарылады. Мәселен, «Мал өсірсең – қой өсір, өнімі оның көл-көсір» деп қойдың пайдасының зор екенін, «Есің кетсе ешкі бақ, ешкі жи да, есінді жи» деп ешкінің өсімталдығымен қоса, пайдасы көп екендігін ұғындырған.

Сонымен қатар, ата-бабамыздың қоршаған ортаны аялауы мен оған деген, ізгі, мейірбан қарым-қатынасын мақтаншыпен айтуға тұрады. Көшпенді өмір сүргендіктен әркез өздерін табиғаттың бір бөлшегіміз деп есептеген. Жер Анаға деген құрмет пен ізет олардың санасында ғасырлар бойы қалыптасқан. Сондықтан, экологиялық норма, ережелердің қажеттілігін өскелең ұрпақтың бойына дарыту және экологиялық мәдениет дағдысын

сіңіру әрекеті қазақ отбасында бала тәй-тәй басып жүрген сәттен қолға алған. Баланың тұсауын көк шөппен кесуде терең тәрбиелік мәнмен бірге тірі табиғатқа деген көзқарасы байқалады. Тәрбие құралының бірі саналатын тыйым сөздердің мазмұны ата-бабамыздың экологиялық тәрбиеге зор мән бергенін дәлелдейді. Олар: «Суға дәрет сындырма», «көк шөпті жұлма», «Отқа түкірме» және т.с.с.

Қазақ халқы адамның сұлулық сезімінің тұлға өмірінде зор рөл атқаратынын жете түсінген. Әсемдікті көре, түсіне, жасай білу адамның рухани өмірін байытатын өнер деп білген. Сұлулық тәрбиесінің мақсаты – баланы көркемдік пен сұлулықты тануға, оған баға беруге үйрету, талғампаздыққа тәрбиелеу. Тағы бір айта кетер жайт, қазақ отбасында баланың ерте есеюіне көп көңіл бөлген. Оны жүзеге асыруда олар үлгі-өнеге көрсету, жауапкершілік арту әдістәсілін шебер пайдаланған. Баланы ерте жастан-ақ жауапты іс-әрекетке тартып отырған. Ұл баланы бес жасында атқа мінгізіп, бәйгеге қосу, қозы баққызу, үлкендердің арасындағы дауды шешу, келіссөз жүргізу, сияқты істерге бірге ертіп жүрген.

Сондай-ақ, қазақ отбасы тәрбиесінде ғасырлар бойы қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан отбасы мүшелері қатынасының маңызы зор. Біздің халыққа тән жарасымдылықтың бір ұшы жасы кішінің үлкенге «сен» деп сөйлемеге, алдын кесіп өтпеуі, үлкен тұрып кішінің, әке тұрып ұлдың, ана тұрып қыздың орынсыз сөйлемеге табырлас.

Осындай жазылмаған «заңдар» қазақ отбасындағы әке мен ұлдың, ана мен қыздың, әке мен қыздың, қыз бен жеңгенің, келін мен ененің, келін мен атаның, нағашы мен жиеннің, баба, жезде, бөлелердің арасындағы қарым-қатынасты әдемі жолға қойып, әдептілікке тәрбиелеудің ерекше үлгісі іспетті.

Мемлекеттік тіл қашанда ел мақтанышы. Тәуелсіздікпен бірге қазақ тілі де қайта түледі. Егеменді елмен бірге мемлекеттік тілдің де мерейі асқақтады, аясы кеңіді. Іс-қағаздары мемлекеттік тілде жүргізілу науқаны да осы кезден бастау алды.

СӨЗДЕН ІСКЕ КӨШЕТІН КЕЗ КЕЛДІ

Қай тіл болса да қолданысымен өміршен, жаппай қолдау мен қолдануға ие тілдің ғана мәртебесі артады. Осы үде тұрғысынан қарар болсақ, қазақ тілі қолдауға да, қолданысқа да ие болды. Оған тәуелсіз елдің тарихи куә.

Соңғы жылдары мемлекеттік тілдің қолданысын ұлғайту мақсатында елде әртүрлі бағдарламалар мен тиімді жоспарлар жүзеге асуда. Десек те, бұл мәселеде әлі де болса жүзеге аспай тұрған біраз әттеген-айлар бар. Ол негізінен жеке азаматтардың өздеріне қатысты кемшіліктер. Бұл отбасындағы тілдік қолданысқа тікелей байланысты. Мемлекеттік тіл тек қана қажеттілік есебінде ғана емес, әлдеқашан жалпыхалықтық тұтыну тіліне айналуы тиіс еді. Қазіргі қоғам, ондағы орта және жас буынның тілі де мемлекеттік тілге айналуы тиіс-тұғын. Бұл ретте, өкінішке орай, аталмыш ортада немқұрайдылық байқалады. Осыған қарай қазақ тілін дамытудағы жоспарларды түрлендірудің реті келгендей.

Рас, бүгінгі таңда бүкіл мемлекеттік органдар жергілікті ұлттың тілінде, яғни, мемлекеттік тілде іс-қағаздарын, құжаттар айналымын, кадрлық саясатты өзгертті. Кез келген азамат

қазір мемлекеттік тілде жергілікті, құзырлы органдардан жауап талап ете алады, сұрақтарын, өтініш, тілектерін, талап арыздарын ана тілінде толтырады. Бірақ мемлекет тек осындай ресми процестермен шектеліп қалмау керек. Мемлекеттік тіл кез келген қазақстандықтың қолдану қажеттілігіне айналуға тиіс. Қажеттілік туындаса тілге қызығушылық та артады.

Панфилов ауданында мемлекеттік тілге құрмет ерекше. Кез келген бағытты, кез келген қызметті жергілікті тұрғындар қазақ тілінде алады. Әділет басқармасына келген әрбір азаматқа мемлекеттік тілде қызмет көрсетіледі. Жас кадрлардың да мемлекеттік тілді меңгергені үнемі тексеріліп, жетілдіріліп отырады. Қазақ тілінің қолданыс аясын дамыту үшін үнемі түрлі бағдарламалар қарастырылып, мамандардың тілдік біліктілігі сарапқа салынады. Мемлекеттік тілді дамытуда сөз емес, нақты іске көшетін кез келді.

Қ.РОЗБАКИЕВ,
Панфилов ауданы Әділет
басқармасы басшысының
міндетін атқарушы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ОҢ ҚАДАМ

Екі жыл бұрын елімізде «Дені сау ұлт» бағдарламасы арқылы әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасы бекітілді. Бұл жоба халыққа медициналық қызметті бұрынғыдан да қолжетімді етіп, әрі жоғары сапалы қызмет көрсетуді көздейді.

ОТАНДЫҚ МЕДИЦИНАДА ОЗЫҚ ІС КӨП

Нақты міндет пен мақсаттардан тұратын жоба ең алдымен халықтың өмір сүру ұзақтығын 2020 жылғы 71,37 жастан 2025 жылы 75 жасқа дейін ұлғайтуды көздегенімен құнды. Негізі барлық дамыған елдер ең алдымен халықтың орташа өмір сүру жасын ұлғайтуды мақсат ететіндігін ескерсек, бұл ұлттық жоба елді дамытумен астасып жатыр.

Атап өтер жайт, жоба жай ғана медициналық қызмет сапасын арттыруға бағытталып қоймай, «медициналық көрсетілген қызметтердің сапасына халықтың қанағаттану деңгейін 80%-ға дейін арттыруды» меже етіп белгілеп отыр. Демек, еліміздің медицина саласы халық көңілінен шығуға барынша тырысуда.

Негізі медицина саласы дамуы үшін елімізде үнемі кезек кезеңімен реформалар жасалып, өзгерістер орын алуда. Мәселен, алғашында Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне халықтың наразылығы қатты байқалды. Уақыт өте осындай ұлттық жобалар арқылы МӘМС жүйесі жетілдіріліп, барынша халық талабына сай болып келеді. Соның бір дәлелі жақында Медициналық сақтандыру қоры өткен жылдың 11 айында емдеу мекемелерінің 100 мыңнан астам қызметті түрлі кемшіліктермен көрсеткені туралы статистиканы жариялады.

Шыны керек, осы уақытқа дейін мұндай статистика айтылмақ түгілі, мониторинг жасалып, жүргізіле бермейтін. Ал қазір нақты көрсеткіш те белгілі. Атап айтсақ, 2022 жылы алматылық емдеу мекемелері 1 млрд теңгенің қызметін кемшіліктермен көрсеткен екен. Және мұндай кемшіліктер жылы жабылып, жауапсыз қалмаған. Медициналық сақтандыру қоры СҚ Алматы филиалының директоры Тілеухан Әбілдаевтың айтуынша жоғарыдағы кемшіліктер негізінде қаладағы емдеу мекемелеріне 1 млрд теңге айыппұл салынған. Жасалған зерттеу, бақылау жұмыстарының барысында анықталған кемшіліктердің дені емдеу-диагностика барысында белгіленген стандарттардан ауытқу, медициналық құжаттарды дұрыс толтырмау, қызмет бағасын негізсіз

өсіру сынды саладағы кемшіліктерге келіп саяды. Мұнда кемшіліктердің басым бөлігіне бастапқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдары жол берген екен. Демек, еліміздің медицина саласындағы кемшіліктерді жойып, халыққа көрсетілген сапалы қызметтер анықталып, барынша олқылықтың алдын алу жұмыстары жүріп жатыр. Сәйкесінше «Дені сау ұлт» жобасы әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді қызмет ұсынуға жол ашпақ.

Тілеухан Әбілдаевтың айтуынша «Емханалар көрсеткен қызметтен 93 мың кемшілік анықталып, 117 млн теңге қайтарып алынды. Сонымен қатар, ақаумен көрсетілген 8 мыңға жуық қызмет – стационарлар мен стационарды алмастыратын көмек ұйымдарына тиесілі. Олар аталған кемшіліктер үшін 800 млн теңге айыппұл төлеген. Тіпті, қаламызда «көрсетілді» деп жазылған белгілі бір қызмет түрлерінің шын мәнінде көрсетілгенін растай алмаған клиникалар да бар. Осындай 300-ден астам жағдай үшін үш млн теңгеден астам айыппұл салынған. Барлық тәртіп бұзушылық пен саладағы кемшіліктер осылайша ашық айтылып, кемшілікке жол бергендер жазасыз қалмады. Салада ашықтық пен жариялылық болған жерде, кез келген жобаның халық көңілінен шығып, одан әрі өркендері анық.

Сөзімізді маман пікірімен түйіндер болсақ, медицина ғылымының докторы Белгібай Шахметов «Соңғы жылдары медицина саласы қарқынды дамуда. Сандық технологияның арқасында саланың уақыт сұранысына сай ілгерілегенін сезініп отырмыз. Қазір емханалардағы медициналық қызмет те цифрланған. Дәрігерлердің күніне қанша науқасты қабылдайтыны, тіпті, халықтың алдын ала керекті маманға жазылуы да бәрі ашық көрініп тұр. Бұрынғыдай ұзын сонар кезек жоқ. Халық алдын ала жазылған маманына еш кезек күтпестен келіп кіріп жатады. Көздеген медициналық қызметін МӘМС арқылы тегін алып та жатыр. Бұл еліміздің дамып жатқанының айғағы» – дейді.

Еркенұр ҚОНЫСБАЙ

ПӘРМЕН

ЕСІРТКІ ЖАРНАМАСЫНА ЖАЗА ҚАТАҢ

Елімізде нашақорлыққа салынғандар саны жылдан-жылға артып барады. Статистикаға сенсек, бүгінде 19 мыңға тарта қазақстандық есірткіге тәуелді. Президент өз жолдауында ғасыр індетіне айналған есірткіге қатысты пікірін білдіріп: «Есірткі, оның ішінде синтетикалық есірткінің таралуы болашақ ұрпақтың әл-ауқатына қауіп төндіреді. Есірткісіз қоғам құру – Қазақстанның әрбір азаматының басты міндеті» деп мәселенің өзекті екеніне көпшілік назарын аударды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына орай, есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл және нашақорлықтың алдын алу шараларын жетілдіру жөніндегі 2022–2023 жылдарға арналған жол картасы бекітілді. Онда есірткі бизнесін ұйымдастырушылар мен сатушыларға тосқауыл қою шаралары жан-жақты қамтылып, індет құрығына ілінгендерді мәжбүрлі түрде емдеу мәселелері нақтыланған.

Әйгілі жазушы Мұхтар Әуезов «Ел боламын десең, бесіңді түзе» дегенді бекер айтқан жоқ. Болашағымыз ұрпақ тәрбиесіне тікелей тәуелді болғандықтан, бала атаулының жаман әдетке ой алдырмауына әрбірміз жауаптымыз. Десек те, жастар мен жасөспірімдерді түзу жолдан тайдырып, психотроптық заттармен ұлайтындар аз емес. Соларға тосқауыл қою мақсатында елімізде есірткі таратумен айналысатындарға қолданылар жаза түрлері қатайтылды.

Мәселен, Қылмыстық кодексте есірткі, психотроптық заттарды дайындап, тасымалдайтындардың мүлкін тәркілеп, бес жыл мен он жыл аралығында бас бостандығынан айыру көзделген. Ал, оларды пайдалануға, яғни, тұтынуға ықпал еткендерге төрт мың айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейін айыппұл салуға немесе осы мөлшерде түзеу, сондай-ақ, мың сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тартылады. Бұлардың қатарында төрт жылға дейін бас бостандығын шектеу не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазалары да бар.

Есірткіні, психотроптық заттарды насихаттап, заңсыз жарнамалағандар үш жылға дейін бас бостандығынан айырылады әрі мүлкі тәркіленуі мүмкін. Бұдан әрі нақтыласақ, Қылмыстық кодекстің 299-1-бабы

2-бөлігіне сай, аталғандарды білім беру ұйымдарында, адамдар көп жиналатын жерлерде, сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдары немесе электрондық ақпараттық ресурстар арқылы насихаттағандар жазасы үш жыл мен алты жылды құрайды. Осы тұста айтып өтерлігі, есірткіні насихаттағандарға, граффити-суреттер мен QR-кодтар арқылы жарнамалағандарға жауапкершілік көздейтін қылмыстың жаңа құрамы енгізілді.

ҚК-нің 301-бабында көрсетілгендей, электрондық ақпараттық ресурстар арқылы жасалған іс-әрекеттері үшін құқық бұзушылардың мүлкі тәркіленіп немесе жеті жылдан он жылға дейін қамалады. Осы баптың бірінші не екінші бөліктерінде көзделген іс-әрекеттерге барған қылмыстық топ мүшелерін он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру қарастырылған.

Ал, есірткі, психотроптық заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастырғандар мен осы мақсатта ұй-жай бергендер де жазасыз қалмайды. Олардың мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айрылатыны ҚК-нің 302-бабымен айқындалған. Кәмелеттік жасқа толмағандарға есірткі сатқандар өмір бойы бас бостандығынан айырылады.

Оң-солын танып үлгермегендер қызығушылықпен синтетикалық есірткіге әуес келеді. Өйткені, таратушылар олардың санасына «бір тұтынғаннан тәуелді болып қалмайсың» деген түсінік қалыптастырады. Осы себепті, психотроптық заттардың адам өмірі үшін аса қауіптілігі жөнінде профилактикалық шаралар жан-жақты жүргізілуі тиіс, яғни, бұл тұрғыда балалар сауатын жетілдірген жөн.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, наркодиллерлермен, сондай-ақ, нашақорлықпен күрес тек құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жұмысы емес, Президент айтқандай, барша халықтың міндеті. Бұл індетті меңдетпей тұрып, алдын алғанда ғана жеңе аламыз. Ол үшін заң нормаларының белсенді түрде жұмыс істеуіне әрқайсысымыз атсалысуға тиіспіз.

Т.СМАҒҰЛ,
«Заң газеті»

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨҢГІМЕ

– Нұргелді Мақжанұлы, жұртшылық арасында Наурыз мерекесінде жасалатын рәсімдерге қатысты әлі күнге дейін ресми тұжырым жоқ. Деректерді жинақтау және оны сараптау қалай жүріп жатыр?

– Наурыз айы туралы деректер көп. Олар халықтың ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінде және мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерде жақсы сақталып қалған. Олардың бәрінің өзіндік баласы мағынасы бар. Әрине, наурыздың «жаңа күн» деген мағынаны білдіретіні, наурызда наурыз көже болатыны барлығымызға белгілі. Бірақ оның мәні әлі толық ашылмай жатыр. Сондықтан осы туралы ой бөліскен артықтық етпейді. Мәселен, наурыз көженің мәні дәнмен байланысты. Ондағы халықтың этникалық, философиялық ойы өте тереңде жатыр. Қазақ дәм-тұзды аттамайды. Дәм татқан жеріне қазақтың баласы ешқашан жамандық жасамайды. Наурыз көже тек қана тамақ емес. Жалпы астың обал-сауабы күллі халыққа ортақ дүние ғой. Халық неге жамандық жасаған адамды дәм-тұз атсын деп қарғайды? Бұл да соның бір айғағы деуге болады.

– Осы арада наурыз көженің үш ырысы туралы да айта кетсеңіз.

– Рас, халық арасында наурыз көженің үш ырысы туралы айтылады. Оның біріншісі – көк ырыс, екіншісі – ақ ырыс, үшіншісі – қызыл ырыс. Көк ырыс деген – дән. «Көктен жаңбыр, жерден өндірі» дейді егіншілік мәдениетінде. Ақ ырыс деген – қымыз, шұбат, сүт, айран, құрт, ірімшігіміз. Ал қызыл ырыс деп етті айтады. Еттің бір мағынасы қызылмен байланысты. Қызылсырап деген сөз содан қалған.

Үш ырыстың ажырамас зор мәні бар. Қазақ ырыс баққандар деп егіншіні, малшыны, яғни, материалдық дүниені жасап жатқандарды айтады.

– Наурыз айында жасалатын ұмыт қалған рәсімдерді атап өтсеңіз.

– Наурыз деген үлкен мәдени контентті жинақтап келгенде, мәні ашылатын нәрселер көп. Мысалы, Мұхтар Әуезовте «мұғал ошақ» деген сөз бар. Бұл ауылдың шетіне қазылып, ескі-құсқыны апарып өртейтін ошақ. Ол ескі-құсқыдан арылу, жаңару, жаңғыру деген мағынаны білдіреді. Бұдан бөлек, наурызда салауат айту деген бар. Салауат деген – кешірім. Өйткені, адам болған соң қателеседі, білместікпен артық сөз айтады. Адамдар бір-біріне деген өкпе-ренішінен көңілді тазартып отыру керек. Көңілде ешқандай дық қалмау керек. Сонда адамдардың арасындағы этикалық қарым-қатынас өте жоғары деңгейде болады. Осы жерде ойластыратын тағы бір нәрсе бар. Қазақ «құл құрықтан

құтылды, күң сырықтан құтылды» дейді. Бұл тек наурызда ғана болатын, наурызда ғана жасалатын ерекше жақсылық. Өйткені, наурызда бір күндік теңдік орнайды. Онда бай да, жарлы да, құл да, мырза да бір. Қазақ қоғамында бұрын үш атадан кейін құлға бостандық берілген. Яғни, құлды сатып алған не оның еңбегін пайдаланып отырған әрбір адам оның шөбересін жеке үй қылып бөлек шығарады. Ол жай ғана айтыла салмайды. Наурыз мерекесі кезінде салауат айтып кешірім етумен ғана жүзеге асады. Өйткені, адам өз сөзінен тайқып кетуі де мүмкін ғой. Ал, Наурыз мерекесі кезінде бүкіл елдің алдында салауат айтып, кешірім берудің жөні бөлек.

Жаугершілікте қолға түскен адамды 3 атадан кейін қазақ жеке үйге шығарып, көрші-қолаң деген. Сөйтіп олар да қыз алып, қыз берісіп қазақпен туыстасып кеткен. Ислам діні келген соң осыны күшейтті. Исламда құл ұстау деген жоқ. Олар сауал алу үшін оны босатып отырған. Міне наурыздың осындай бір маңызы бар. Наурыз мәдениеті мен философиясының қазақты халық, ұлт, ұлыс, ел етіп ұстап отырғандағы маңызы осындай терең және өте жоғары.

– Біреулер – Көрісу күні, екіншілері – Көрісу мерекесі, үшіншілері – Аман мерекесі

– Дұрысы, Көрісу күні ғой. Оның ар жағында амандасу ғана емес, әрбір адамның бір-біріне жақсы тілек айтуы бар. Сондықтан Алматыдағы Мемлекеттік орталық музейде өткен «Ұлы даланың ұлттық дәстүрлері» деп аталатын халықаралық форум кезінде Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дәуешовке 14 наурызды ресми Көрісу күні деп



Нұргелді УӘЛИ, ҚР Мемлекеттік орталық музейінің бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы:

«КӨРІСУ КҮНІНЕ РЕСМИ МӘРТЕБЕ БЕРУ КЕРЕК»

жарияласақ деген ұсынысымыз айттым. Мәселен, Көрісу күніне қатысты рәсім Түрікменстан қазақтарында жақсы сақталған. Онда 14 наурызда әрбір отбасы мүшесі бір-бірімен

паз адамдар. Онда жұлдызды негізге алады. Аспан әлемінде жұлдыз көп. Қазақ қоғамында жұлдызшылар көбіне үркерге қарайды. Халықта «Үркерлі айдың бәрі қыс» деген сөз содан қалған. Оны қалай түсінеміз? Үркер қазан айының орта шенінде шығыстан кешке қарай көтеріледі. Содан кейін үш арқар, таразы, сүмбіле жұлдыздары тізіліпті дейді. Олар бірінен кейін бірі көрінеді. Сонда үркердің көрінгені 6 ай қыс болады дейді. 6 ай жаз үркердің көрінбей кеткен кезі. Оны үркер жерге түсті дейді. Үркер мамырдың 10-дарынан кейін көрінбейді. Көп халықтар көк шықты, құс келді, күн жылыды, қар кетті деген деңгейде ғана айтады. «Үркер жұлдыз ағасы» деп бағалайды біздің жұлдызшы, есепшілер. Олар қыстың жайлы-жайсыз болуын 7 амалмен бағалайды. Оны үркердің батқаны, көрінгені, жан-жануарлардың күйекке түсуі деген сияқтылармен есептейді.

Күн мен түннің теңелуін есепшілер бұрыннан жақсы білген. Есепшілер жұлдыздардың қозғалысын ғана емес ауа райы мен табиғаттың байланысын бақылап, салыстырып, болжап отырған. Жануарлар, өсімдіктермен байланысты деректерді жинаған.

Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дәуешовке 14 наурызды ресми Көрісу күні деп жағияласақ, деген ұсынысымыз айтылды. Мәселен, Көрісу күніне қатысты рәсім Түрікменстан қазақтарында жақсы сақталған. Онда 14 наурызда әрбір отбасы мүшесі бір-бірімен көріседі. Жасың құтты болсын деп тілек айтады. Көрісу күнін ресми түрде белгілеу керек. Ол біздің дәстүрде бар. Көрісу деген жақсы ниет, жақсы тілек. «Көрмесен, білмесен жат боласың» деген сөз содан қалған.

деп жүрген көрісудің мәні неде?

– Аман – халық астрономдарының термині. Халық астрономдарын жұлдызшы дейді. Көбіне ауа райын болжайды. Олар ай мен күннің қозғалысын есептеп отыратын білім-

көріседі. Жасың құтты болсын деп тілек айтады. Көрісу күнін ресми түрде белгілеу керек. Ол біздің дәстүрде бар. Көрісу деген жақсы ниет, жақсы тілек. «Көрмесен, білмесен жат боласың» деген сөз содан қалған.

– Аман деген не?

– Аман – халық астрономдарының термині. Халық астрономдарын жұлдызшы дейді. Көбіне ауа райын болжайды. Олар ай мен күннің қозғалысын есептеп отыратын білім-

– Наурызда қандай амал болады?

– «Қара жерге келсем қар әкелем, қарға келсем қарды әкелем» деген отамалының амалы бар. Наурыздың алғашқы жартысында қар жауып, суық боп кетеді. Осыны отамалының аязы дейді. Егер қар кетіп, күн тез жылынса отамалының амалы дейді.

Наурыздағы амалдың тағы бірі – бес ешкінің суығы. Егер 1 жылда 365 күн болса, оны 30 күннен 12 айға көбейтсең 5 күн не ескі, не жаңа жылға кірмейді. Сол кезде суық болады. Соны бес ешкінің суығы деп айтады. Ал соңғы қарды құс қанаты дейді

– Қазыбектің наурызы деген де бар ма?

– Қазыбектің наурызы деген бар. Ол байбақты руынан шыққан халықтың үлкен астрономы болған. Лазарь Будаков оны 1869 жылы Петербургте шыққан «Сравнительный словарь турецко-наречий» деген сөздігінде айтады. Онда Қазыбек наурызынан бөлек, Жас наурыз, Қарт наурыз дегендер де бар.

Сол сияқты әйгілі жазушымыз Ғабит Мүсірепов Нұрпейіс Байғанин Алматыға келгенде сөйлесіп тұрады екен. Бір кездесуде Ғабит «енді қашан келесіз» дегенде, ол кісі «Қазыбектің қазанында келем ғой» дейді. Оны Ғабит Мүсірепов өз естелігінде жазып қояды. Бұл жылдың белгілі бір мерзімі екен ғой деп.

Осылардың бәрі енді бір жүйеге түсіп, тиянақталу керек. Осыдан 3-4 жыл бұрын 5 томдық «Этнографиялық сөздік» шыққан болатын. Мен соның авторының бірімін. Қазыбектің наурызының дәстүрлі наурыздан онкүндік айырмасы бар.

– Ұлыстың ұлы күні деген қай күн? Қазір ұлттық және мемлекеттік ресми мерекелерде түрлі деңгейдегі билік өкілдері тарапынан бұл сөзді жми естіп, көріп, тыңдап жүрміз.

– Ұлыс деген сөздің өзі халық деген мағынаны білдіреді. Халық деген араб сөзі. Ұлыс сөзінің тарихы тереңде жатыр. Бұрын жалпыхалықтық мерекені бабаларымыз Ұлыстың ұлы күні деп атаған. Ол қазіргі Наурыз мерекесі деуге болады. Өйткені, ешбір, ресми, саяси шара Наурыз мерекесімен теңесе алмайды. Ұлыстың ұлы күні – күн мен түннің теңеліп, жаңа жылдың басталуымен құнды, маңызды, мәнді. Ұлыстың ұлы күні дегенді барлық мерекеге қолдануға болмайды. Ұлыс, дәстүр халықтан бұрын пайда болған. Ұлыстың ұлы күні жылдың басы деген сөз. Жаңа жыл парсы мәдениеті бізге келмей тұрғанда бұрын сәуірдің аяғы мен мамырдың басында тойланған. Ел жайлауға көшуге дайындала бастаған кезде. Алайда, бұл әзірше жорамал ғана болып тұр.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

БАҒДАР

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ - ӘДЕПТІЛІК АЙНАСЫ

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттарын белгілейді және қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін және парасаттылық ағымдарын қалыптастыруға, сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз әрекетінің алдын алуға бағытталған.

Мемлекеттік қызметші халықтың, елдің алдындағы тұлға болғандықтан, оның әрбір айтқан сөзі мен іс-қимылын халық жіті бақылап отырады, үнемі көңіл таразысынан өткізеді. Ел үшін жан аянбай жұмыс істейтін мемлекеттік қызметші қашанда көпке сыйлы.

Әдеп кодексі 5 тараудан тұрады. Онда мемлекеттік қызметші бағдар етер қағидалар толық қамтылған. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі адал ниеттілік – қоғам игілігі үшін мемлекетке кәсіби және жауапты қызмет ету, адалдық – өз міндеттеріне шынайы көзқарас, әділдік – жеке және заңды тұлғалардың, қоғамдық топтар мен ұйымдардың

ықпалына қарамастан заңды шешім қабылдау және кез келген мән-жайлар бойынша біржақтылық пен субъективтілік себебінен адамдарды кемсітуге жол бермеу, ашықтық – жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын екенін көрсету және өз іс-қимылының ашықтығын қамтамасыз ету, сыпайылық – азаматтар мен әріптестерге дұрыс және құрметпен қарау, клиентке бағдарлану – мемлекеттік қызметтерді тұтынушы ретінде халықтың сұраныстарын толықтай бағдарлай отырып, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және жолданымдарды қарау кезінде төрешілікті көрсету және әуре-сарсанға салуға жол бермеу жөнінде

шаралар қабылдау қағидаттарымен негізделеді.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшінің Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүріне құрметпен қарауға, адал, әділ, қарапайым болуға, өздері қабылдайтын шешімнің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз етуге, Қазақстан заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға, өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға, жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға, мемлекеттік меншікті сақтауын қамтамасыз етуге, өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік меншікті, ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсатта ғана пайдалануға, қызметтік



Саят АДЕШОВ,
«Қарағанды облысы бойынша Соттар Әкімшісі» РММ Басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкіл

тәртіпті, іскерлік әдепті және басқа қағидаларды бұлжытпай сақтауға тиіс.

Қазіргі таңда елімізде мемлекеттік қызмет аппаратының кәсіби біліктілігіне, мемлекеттік қызметшілердің моральдік-әдептік келбетіне зор мән берілуде. Сондықтан, мемлекеттік қызметте үлкен жетістіктерді бағындыруды көздеген әрбір мемлекеттік қызметші Әдеп кодексін және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң талаптарын мұқият сақтап, еліміздің өркендеуіне зор үлес қосуы қажет.

ЖЕГІҚҰРТ

ҒАСЫР ДЕРТІ

Сыбайлас жемқорлық ел келешегіне, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиян әкелетіні аян. Жегіқұрттың кең етек жаюын тек биліктегі адамдардың ашкөздігімен ғана байланыстыру қате. Билік жүйесіне қатысы бар адамдардың сол жүйеде орын алатын келеңсіз құбылыстардың құрбаны болатынын да естен шығармау қажет.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауға, жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алуға, анықтап олардың жолын кесіп және қылмысты ашуға, зардаптарын жою мен кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекетті кеселден таза ұстауға бағытталған. Заң сол сияқты демократиялық негіздерді, мемлекетті басқарудағы жариялық пен бақылауды кеңейтуге, халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенімін нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдай жасауды көздейді.

Мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ, соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін пайдалануына жол бермеу керек. Жемқорлықты жою қарапайым тұтынушылардың белсенділігіне байланысты.

Б.КУШКИНБАЙ,
Маңғыстау облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының приставы

АЛҚАБИЛЕР ҚАТЫСАТЫН ІСТЕР САНАТЫ КЕҢЕЙЕДІ

Ата Заңымызда демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екендігі көрсетілген. Ал, еліміздің сот билігі – азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін мүлтіксіз қорғауды жүзеге асырады.

Осы орайда, егемендіктің маңызды белесін бағындырған мемлекетімізде заң үстемдігі қамтамасыз етіліп, сот төрелігінің сапасын арттыруға бағытталған сот реформалары үздіксіз жүзеге асырылып келеді. Соттардың тарапынан жүргізіліп жатқан мұндай игілікті істер мен маңызды шаралардың нәтижесі қуантарлық.

Атап айтсақ, соның бірі елімізде «Алқабилер туралы» заңның қабылданып, алқабилердің қатысуымен қылмыстық істерді қарау институтының тәжірибеге енгізілуі болатын. Аталған институт сот билігін жүзеге асыру ісіне қарапайым халық өкілдерінің қатысуына мүмкіндік беріп келеді. Алқаби – соттың қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауына қатысуға шақырылған және ант қабылдаған азамат. Жергілікті атқарушы орган-

дар жыл сайын алқабиге кандидаттардың бастапқы, бірыңғай және қосалқы тізімдерін жасайды. Алқабиге кандидаттардың тізімдеріне жасы жиырма бес жасқа толмаған, өтелмеген не алынбаған сотталғандығы бар, сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдар, судьялар, прокурорлар, тергеушілер, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілер мен әскери қызметшілер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, психикалық, мінез-құлықтық денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған адамдар енгізілмейді. Сондай-ақ, бір адам сот отырыстарына алқаби ретінде жылына бір реттен артық қатыса алмайды. Еліміздегі алқабилер қатысатын сот құрамына тоқталсақ, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотта және қылмыс-



Берік УТЕЕВ, Ақтау қалалық мамандандырылған тергеу сотының төрағасы міндетін атқарушы

тық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери сотта алқабилер қатысатын сот бір судьяның және он алқабидің құрамында әрекет етеді. Қылмыстық процестік

кодекстің 634-бабына сәйкес, қылмыстық сот ісін жүргізуді жүзеге асыру күдіктінің, айыпталушының өз ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтінішхаты бойынша жүргізіледі. Сонымен қатар, күдікті, айыпталушы іс материалдарымен танысу үшін ұсынылған кезде, келесі кезеңде, сотта істі алдын ала тыңдауда, бірақ сот басты сот талқылауын тағайындағанға дейін істі соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтінішхат мәлімдеуге құқығы бар. Ал, егер сот басты сот талқылауын тағайындағаннан кейін айыпталушының өз ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтінішхаты қабылданбайды. Судья алқабилердің қатысуымен басты сот талқылауын тағайындау туралы қаулыда келушілердің саны кемінде жиырма бес адам болатындай етіп сот отырысына шақырылуға тиісті алқабиге кандидаттардың жалпы санын анықтайды. Судьяның өкімі бойынша ҚПК-нің 638-бабына сәйкес, сот отырысының хатшысы алқабиге кандидаттарды соттағы бірыңғай және қосалқы тізімдерден алдын ала кездейсоқ тандау жүргізу арқылы іріктеп алады.

Шын мәнінде, істанулы уақыттың ішінде алқабилер соты өміршеңдігін көрсете білді. Мемлекет басшысы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауында алқабилер сот төрелігін жүзеге асыруға қоғам өкілдерінің кеңінен қатысуына жол ашатынына

тоқталып, «Қазақстанда алқабилер тек аса ауыр қылмыстар бойынша үкім шығара алады. Біз бұл саланы одан әрі дамытып, алқабилердің қарауына берілетін істердің санатын кеңейтеміз», – деген еді. Аталған тапсырма аясында 2023 жылдың 1-қаңтарынан бастап алқабилер сотының соттылығы 16 құрамға көбейтілді. Осылайша, былдан бастап алқабилердің қатысуымен аса ауыр қылмыстардың қоғамды дамытуға (31 құрамы) қаралатын болды. Сондай-ақ, алқабилердің соттылығын кеңейту бойынша 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап тағы 13 ауыр қылмыс құрамын беру көзделген. Бұл Қылмыстық кодекстің 116-бабының 2, 3-бөліктері (адамның дене мүшелерін заңсыз алу), 146-бабының 2, 3-бөліктері (азаптау), 249-бабының 2-бөлігі (рейдерлік), 317-бабының 4-бөлігі (медицина қызметкерінің әрекеттерінен абайсызда екі немесе одан да көп адамның қаза болуы), 335-бабының 4-бөлігі (ауыр салдарға әкелген балық пен басқа да су жануарларын заңсыз аулау) және т.б.

Қорыта айтсақ, алқаби ретінде қоғамның тікелей өкілін сот әділдігін жүзеге асыруға қатыстыру біздің демократиялық қоғамды дамытуға жаңаша серпін берді. Сондықтан, алқабилердің қарауына берілетін істердің санатын кеңейту бойынша жасалған жаңа қадамдар сот жүйесін одан әрі жетілдіріп, сот шешімінің дұрыс және заңды болуына ықпал етері сөзсіз.

ПРОЦЕСТІК КЕЛІСІМ

ҚАТЕСІН ТҮСІНГЕНДЕРГЕ БЕРІЛГЕН МҮМКІНДІК

«Қателікті көзге шұқығанша, түзеуге тырысайық» деген екен америкалық жазушы, журналист Марк Твен. Адамдардың тең құқылығына мүдделі, бейбітшілік сүйгіш, татулықты тәу еткен қоғамда ізгілендіру басты орында тұратыны белгілі. Халықаралық талаптарды басшылыққа алып, өлім жазасынан бас тартқан біздің елімізде де заңдарды ізгілендіру бойынша кешенді іс-шаралар үздіксіз жүргізіліп келеді. Мұндай ілкімді бастамалар қатарында 2009 жылдың 24 тамызында бекітілген Қазақстанның құқықтық саясат тұжырымдамасы бар.

Тұжырымдама құқықтық салаға тың серпін берді. Бұл стратегиялық құжатта қылмыстық іс жүргізу құқығын жетілдірудің негізгі бағытының бірі ретінде процессуалдық келісім институтын заңнамалық тұрғыда дамыту қарастырылған болатын. Осыған орай 2015 жылы Қазақстанның жаңа Қылмыстық-процессуалдық кодексі қолданысқа енгізілді. Құқықтық саясат тұжырымдамасын басшылыққа ала отырып дайындалған құжаттың жаңашылдығы аз болмады. Соның ішінде кодекске алғаш рет «процессуалдық келісім» немесе келісім ұғымының енгізілгенін айта кеткен орынды.

Процестік келісім – бұл қылмыс жасаған адамның өз қатесін түсініп, жаңа өмір бастауына берілген мүмкіндік. Расында, қателеспейтін адам болмайды. Тек соны мойындай білу, өз қатесінен оң нәтиже шығару екінің бірінің қолынан келе бермейді. Қылмыстық-процессуалдық кодексте көрсетілгендей, процестік келісім – қылмыстық процестің кез келген сатысында прокурор мен күдікті, айыпты немесе сотталушы арасында немесе сотталған адам арасында жасалатын келісім. Кодекстің 63-64 тарауларында процестік келісімнің түрлері, олардың жасалу шарттары, салдары және қолданылу тәртібі толық қамтылған. Құжатта дәйектелгендей, процестік келісім онша ауыр емес, ауырлығы орташа не ауыр қылмыс бойынша күдікті, айыпталушы деп танылған азаматтармен жасалады. Мұндағы басты шарт – айыпталушы келтірілген күдікпен, айыптаумен келісіп, кінәні мойындау туралы мәміле жасауы керек. Сонымен бірге, күдікті, айыпталушының процестік келісім жасауға ерікті түрде ниет білдіруі маңызды. Бұдан бөлек, күдікті, айыпталушы келтірілген күдікке, айыптауға және іс бойынша қылмысты жасағанына қолда бар дәлелдемелерге, өзі келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне дауласпағаны абзал. Ең бастысы, процестік келісім жасауға жәбірленуші келіскен кезде жол берілуі мүмкін.

Күдікті, айыпталушы немесе сотталушы сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің кез келген сәтінде процестік келісім жасасу туралы өтінішхат беруге құқылы. Сондай-ақ, процестік келісім прокурордың бастамасы бойынша жасалатынын да ескерген жөн.

Жаңа институт азаматтардың өз қателігінен сабақ алуына, түзелуіне оң ықпалын тигізеді. Яғни, бұл қылмыс жасаған адамның жазасын жеңілдетіп қоймай, жәбірленушінің бұзылған құқығын сөзбұйдаға салмай, мейлінше тез қалпына келтіруге жол ашады. Сонымен бірге бұл бүгінгі заңнамалардың «Ілген басты қылыш кеспес», «Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» деген секілді бабалардан қалған даналық сөздерді басшылыққа алатынын тағы бір мәрте дәлелдейді.

Қылмыстық процестік келісім жазаны айтарлықтай жеңілдетіп, бас бостандығынан айыру жазасының мерзімін азайтуға, жазаны бас бостандығын шектеу түрінде өтеуге бағытталған. Алайда, бұл қылмыскер жазадан сығылып кетсін деген сөз емес. Өйткені, қылмыстың өтеуі – жаза. Әрі жазасыздық ауыр қылмыстар тудыратыны тағы рас. Сондықтан, процестік келісімге өз ағаттығын мойындап, қылмыстың ашылуына көмектескен, түзелуге ынта танытқан адамға мемлекеттің заң арқылы берген жеңілдігі деп қараған дұрыс. Тағы бір ескерерлігі, процестік келісімді қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті ең дұрыс емес күйде жасаған немесе қылмыс жасағаннан кейін психикасының бұзылуымен ауырған адамдармен жасауға болмайды.

Жаңа институт қылмыс жасаған адаммен келісе отырып тергеу мен сот процесін жеңілдетуге де көмегін тигізеді. Бұл тетік сотталушыға да, жәбірленушіге де тиімді және істің сотта қаралуына да оңтайлы.

А.ИХЛАСБАЙҚЫЗЫ, Жетісу аудандық №2 сотының судьясы АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ПІКІР

Сот жүйесін жаңғырту бір сәт те тоқтаған емес. Мемлекеттегі қауіпсіздік пен әділдіктің кепілі болғандықтан бұл салаға жіті көңіл бөлініп, ұдайы назар аударылғаны дұрыс. Азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғайтын төрелік алаңының көпшілік талабына сай болуы міндет. Десек те, сот жұмысының сапасы, азаматтардың тура төрелікке деген сенімі тек шығарылған үкім, шешімнің негізділігімен байланысты емес. Сенім мен сапаның кілті – сот корпусындағы әрбір судьяның адами болмысына, әдепті әрекетіне, парасат-пайымына тәуелді.

КӨРКЕМ МІНЕЗ, КӨРІКТІ ОЙ - СУДЬЯНЫҢ БАСТЫ ТІРЕГІ

Сондықтан да сот саласы бағдар етер басты құжаттың бірі – Судьялардың әдеп кодексі. Бұл кодекс 2016 жылы қабылданғаны белгілі. Әдеп туралы қағидаттар топтастырылған құжаттың дайындалуына Ұлт жоспарында берілген тапсырмалар негіз болған еді. «100 нақты қадамнан» тұратын стратегиялық бағдарламаның 19-қадамында судьялардың есеп беру тәртібін күшейту, жаңа Әдеп кодексі жасақтау қажеттігі айтылды. Осы тапсырманы басшылыққа ала отырып дайындалған Әдеп кодексі бүгінгі күнге дейін барлық судьяның негізгі жүгінетін қағидасына айналды. 15 баптан тұратын кодекс кезінде өзіміздің елімізде ғана емес, Венециядағы Құқық арқылы демократия үшін еуропалық комиссиясы сияқты халықаралық ұйымның да оң бағасын алды. Осы уақыт аралығында судьялар қызметін үйлестіріп, қазының қызмет пен қоғамдағы орнын, әрекетін айшықтауды көздеген кодекс өзіне жүктелген міндетті жоғары деңгейде орындады.

Дегенмен, уақыт пен қоғам дамыған сайын талап пен қажеттіліктің көбейетіні, өсетіні қалыпты жағдай. Соның ішінде бүгінгідей ақпараттық заман соттардың да қоғам көшінен қалмай, ілгерілеуі керектігін алға шығарды.

Шындығында сот жұмысы ха-

лыққа ашық, қолжетімді болғандықтан, сонымен бірге, сот процестерінің басым бөлігі ашық түрде өтетіндіктен судьялардың кәсіби біліміне ғана емес, өзін-өзі ұстауына, сөйлеуіне, эмоциясына пікір білдіретіндер өте көп. Басқа мамандық иелерінің жұмыстан тыс кездегі тірлігіне көпшілік қызыға бермейді. Ал, судьялардың сот процесі кезіндегі ғана емес, процестен тыс кездегі өмірі, әрекеті қоғам бақылауында. Сондықтан, судьяның сөзі бірден көпшілік назарына алынып, қызу талқылауға түсіп жатады. Яғни, судья тәуліктің 24 сағатында судья екенін ұмытпауы керек. Сондай-ақ, аптаның жеті күнінде де ел көзінен таса бола алмайтынын түсінгені жөн. Осының өзі судья болуға тәуекел еткен адамның жеке өмірі үнемі талқыда болып, жеке қызығушылығы құпия сақталмайтын көрсетеді.

Жалпы, қазының төрелікті жүзеге асырған кезде тек заң нормаларын біліп қоймай, әдеп нормалары да қатаң сақтауы міндет. Әділдік алаңының құдыреті сол, ол процеске қатысқан тараптармен бірге судьяны да тәртіпке үйретеді, әдептен аспауға тәрбиелейді.

Судьялардың Әдеп кодексінен жаңғырту мәселесі талқыға түскенде әріптестер тарапынан көптеген ұсыныс-тілектер айтылды. Соның

ішінде судьяның қандай әрекеті әдепсіз деп танылады, мінез-құлық стандарттарының шеңбері қандай болуы керек, судьяның әдептік және тәртіптік жауапкершілікке тарту үшін қандай негіздер белгіленуі керек деген сауалдар жұртшылық талқысына шығарылған еді. Көпшіліктің пікірі ескеріле келе, Әдеп кодексінің жобасында судьяның кәсіби қызметіндегі әдеп нормаларын сақтауына қатысты қойылатын талаптар; судьяның соттан тыс қызметтегі мінез-құлқының әдеп нормаларын сақтауына қатысты қойылатын талаптар; судьяның тұрмыстық қарым-қатынастағы әдеп нормаларын сақтауына қатысты қойылатын талаптар жеке-жеке бөлімге топтастырылды. Бұл судья жіберген қатенің деңгейін дәл анықтауға, жауаптылықты дұрыс белгілеуге септігін тигізеді. Бангалорлық судьялардың мінез-құлық принциптерін, АҚШ судьяларының әдеп кодексіні, сондай-ақ, басқа да алдыңғы қатарлы шет елдердің әдеп кодекстерін мұқият зерделей отырып дайындалған кодекс жобасы сот корпусының беделін нығайтып, судьялардың мәртебесін арттыруға септігін тигізеді деп сенеміз.

Майкүл МАМУТОВА, Талдықорған әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

ИМАН

ДІН - РУХАНИ БАЙЛЫҚ НЕГІЗІ

Дін – татулық пен рухани байлық бастауы. Ол халқымыздың дәстүрімен, болмысымен біте қайнасып заман ағымымен дамып келе жатыр. «Иманым – жиганым» деп түсінетін қазақ халқы өз өмірін исламға негіздеп, дінді ізгілік бастауы, өмір мәні ретінде насихаттап келе жатқаны айқын.

Рухани байлық – адамгершіліктен, ал дін сол адамгершілік пен бар құндылық қойнауы. Қазақ халқының ежелден сақталып келе жатқан рухани мұрасының негізі исламда болған. Мысалы, қазақ дәстүрлері мен қағидаттарында шариғат шарттарына басымдық берілуі ұлт пен дін тазалығын сақтап қалудың бір көрінісі еді.

Біздің қазіргі қоғамдық жағдай негізінде дін мен дәстүр сұхбаты маңызды орында тұр. Дінімізді дәстүрімізбен сабақтастырып, рухани құндылық мәнін ашып келеміз. Дініміздегі бейбітшілік, сыпайылық секілді құндылықтар, қазіргі жаһандану үдерісіндегі қоғамның желеуі десек те артықтық емес. Қазақ халқының рухани дүниетаным тарихында ерекше орын алып, ғасырлар бойы сақталып келе жатқан діни құндылықтарымыздың сол реңкті сақтауы ұрпақ үшін маңызды. Қорыта айтқанда, құндылықтар кешені – бір-бірімен байланысты ұғымдар. Діни құндылықтардың бірігер кезі «жоғарғы руханият» түсінігімен ұштасады. Сол себепті де талай ғасыр бойы ерлікке, елдік пен өрлікке, адамгершілікке баулып келген асыл дінімізді саф алтындай сақтай отырып, ұлттық-руханилыққа айналдыру біз үшін де, келер ұрпақ үшін де міндеттелуі керек. Себебі, «Дін – рухани байлық негізі»

Назерке БОТАЙ, Венера ДЖАСЫБАЕВА, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультетінің студенттері Жанна ҚАҢТАРБАЕВА, аға оқытушы

СЫБАЙЛАСТЫҚ СЕҢІМГЕ СЫЗАТ ТҮСІРЕДІ

Сыбайлас жемқорлықтан ешбір мемлекет сақтандырылмаған. Пеңделік жүрген жерде парақорлықтың, сыбайластықтың етек жаятыны ақиқат. Біздің еліміз де өз тәуелсіздігін алған кезден бастап қатерлі індетпен күресте белсенді жұмыстар жүргізді.

Бұл іс-шаралардың үзіліп қалмай-тынын, әрі қарай жалғасын табатынын Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа жолдауынан аңғаруға болады. «Сыбайлас жемқорлықпен күрес күн тәртібінен түспейді» деп барлық құзырлы орындарды ортақ мақсатқа жұмылдырған Мем-

лекет басшысы, әсіресе, бірінші басшылардың жауаптылығын көтеру арқылы ұжымдағы сыбайластықтың алдын алуға күш салуға ниетті.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекетті іштен ірітетіні, билік пен қарапайым халықтың арасын алшақтатып, сенімге сызат түсіретіні

белгілі. Соның кесірінен кез келген бақуатты мемлекеттің құлдырап, құрдымға кетуі оп-оңай. Елінің келешегін ойлағандар сыбайластықтың тамырына балта шабу үшін өз шама-шарқынша әрекет етіп жатыр. мемлекеттегі парақорлыққа тегеурінді тосқауыл болатынынан үмітті. Айталық сот саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттерді үйлестіретін арнайы бөлім бар. Одан бөлек жең ұшынан жалғасу деректерін болғызбау мақсатында сот отырысына қатысушылар арасында

сауалнама жүргізіліп, күнделікті жұмысқа мониторинг жасалып келеді. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілерді іріктеудің кешенді жүйесі қалыптасты. Мұндай мықты іріктеуден еліміздің судьялары да өтеді. Талап өскен сайын, құрылым қатарын білікті мамандармен толтыруға қол жеткенін де айта кеткеніміз дұрыс. Мемлекеттік қызметтің бөдел көтеру, мәртебесін арттыру бұл ортаға таңдаулылардың келуіне түрткі болады. Ал енді таңдаудың барлық сатысынан өткен жандардың лауазымды иеленген соң мәртебелі қызметін бас пайдасының құрбанына айналдыруы кешірілмес қателік. Халыққа адал қызмет етуге ант берген жандардың орта жолда сүрінуіне не себеп? Меніңше, бұған түрткі болатын бірнеше себеп бар. Соның біріншісі – қарапайым халықтың құқықтық мәдениетінің төмендігі. Құқықтық сауаты төмен

адамда құқықтық мәдениет қайдан болсын! Заңның иісі мұрнына бармайтын, өзінің құқығын білмейтін азаматтар көбіне-көп мемлекеттік қызметті делдалдар арқылы алуға бейім. Олар өзі аса түсіне бермейтін қызметті пара беру арқылы реттеуді жөн көреді. Ал пара беру дегенді көрсетілген қызмет үшін алғыс білдіру деп түсінетіндер сыбайластықтың санын үдетіп отыр. Бұл мәселе бар, және оны ел болып шешпесек, соңы жақсылыққа апармайды. Соған орай, қарапайым азаматтардың сеніміне қиянат жасап, қалтасын қақпас үшін көпшіліктің құқықтық сауатын көтеру парыз.

**Қайыржан АЛАШҰЛЫ,
Ақтөбе қалалық әкімшілік
құқық бұзушылықтар
жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының
төрағасы**

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

5. «Caspian International Marine Service (Каспиан Интернэшнл Марин Сервис)» ЖШС ұйымы, БИН 170840001387 (Қазақстан Республикасы, Маңғыстау обл., Ақтау қаласы, 7 шағынаудан, 20 үй, 60 пәтер, индекс 130000), өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, 16 шағынауданы, 30 ғимарат, тел.: 87783812815.

8. «Kaz Progress» ЖШС, БСН 210940024736, өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Қандығаш қаласы, «Самал» шағынауданы, 1 квартал, 41 үй.

9. «SANDYQ GRUP» ЖШС, БСН 230140005754, өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050062, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 7 ықшам-аудан, 3 үй, 3 т.б., тел.: 87025300795.

12. «Best Stroy Company» ЖШС, БСН 200940037439, өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 100300, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Мұхамеджанов ықшамауданы, 15 үй, 44 п, тел.: 87079836970.

14. «Sports Evolution» ЖШС, БСН 140640006414, өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жеңіс даңғылы, 27/1-25, тел.: +77761002910.

15. «TIMEINVEST» МҚҰ» ЖШС, БСН 220340013097, микроқаржылық қызметін жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданысының тоқтатылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров даңғылы, 5, 205-кабинет, электрондық пошта: timeinvest@internet.ru.

16. «Smart Invest Company» ЖШС, БСН 100540001751, өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, «Таугуль-1» шағынауданы, 14А үй, пошта индексі 050042, тел.: +77017136324.

17. Батыс Қазақстан облысының ветеринария басқармасы қарамағындағы «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі ветеринария басқармасының «Бөрлі аудандық ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының таратылатындығын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, Юбилейна көшесі, 12 үй, пошта индексі 090300, БСН 120340014946, тел.: +771113352883, +771113320471.

18. Батыс Қазақстан облысының ветеринария басқармасы қарамағындағы «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі ветеринария басқармасының «Орал қалалық ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының таратылатындығын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Ақсай көшесі, 39/2 үй, пошта индексі 090000, БСН 120440006453, тел.: +77112502065, +77112260556.

3. «Қазақовелир» акционерлік қоғамы, акционерлерге 2023 жылы 28 сәуірде сағат 10.00-де Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 76 мекенжайы бойынша өтетін «Қазақовелир» АҚ акционерлерінің кезекті жылдық жалпы жиналысының өткізу туралы хабарлайды.

Акционерлердің жалпы жылдық жиналысының күн тәртібі:
1. 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
2. Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін және дивиденд мөлшерін айқындау.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің бастамашысы: «Қазақовелир» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі.
«Қазақовелир» АҚ акционерлерінің жалпы жылдық жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін «бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ 2023 жылғы 27 сәуірдегі жағдай бойынша ұсынады. Акционерлердің жалпы жылдық жиналысына қатысушыларды тіркеудің басталуы: 28 сәуірде жергілікті уақыт бойынша сағат 09.00 - де. Кезекті жылдық жалпы жиналысты өткізу тәртібі:

Жалпы жиналыс «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003.05.13 № 415-ІІ заңының 48-бабында, Қоғамның Жарғысында және оның ішкі ережелерінде көзделген тәртіппен өткізіледі.

Кворум болмаған жағдайда 2023 жылы 28 сәуірде акционерлердің жалпы жылдық жиналысы 2023 жылғы 12 мамырда сағат 11.00-де Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 76 мекенжайы бойынша өтеді. Акционерлердің қайта жиналысын тіркеудің басталу уақыты: 12 мамыр, жергілікті уақыт бойынша сағат 10.00.

«Қазақовелир» АҚ акционерлері, акционерлер жылдық жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен 2023 жылы 18 сәуірден бастап аптаның жұмыс күндері, дүйсенбіден жұмаға дейін, жергілікті уақыт бойынша сағат 9-дан 18-ге дейін, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Назарбаев даңғылы, 76 мекенжайы бойынша таныса алады.

Анықтамалық ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады: тел.: +77773834616, Раушан Батаевна.

Атқарушы орган «Қазақовелир» АҚ, Инкербаева А.Д.

ӘРТҮРЛІ

2. Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 15.03.2023 жылғы ұйғарымымен «Медицина» АҚ, ЖСН 950440000437, оңалту рәсімін енгізу туралы азаматтық іс қозғалып, уақытша әкімші болып Джамалов Ермекбай Мадхатович тағайындалды. «Медицина» АҚ, ЖСН 950440000437, бір ай мерзімнен кешіктірмей борышкерге қоятын талаптарын келесі мекенжай бойынша мәлімдеулері сұралады: Атырау қаласы, Афанасьев көшесі, 123 үй. Тел.: 87016245993.

4. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңның 13-бабына сәйкес, «Әкімшілік ғимаратты салу және пайдалану» алдын ала жобасын бекіту тақырыбы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу жоспарлануда. 25.03.2023 жылы сағат 10:00, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 5 ықшамауданында, 455 ғимаратында өтеді.

6. «Астана-Транс-Ойл» ЖШС (БИН 081240010922) жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қорғалжын тасжолы, ғимарат 19Т.

7. «НИМЭКС-ТРАНС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Серіктестіктің жалғыз қатысушысы жарғылық капиталды 1 458 900 000 (бір миллиард төрт жүз елу сегіз миллион тоғыз жүз мың) теңгеге дейін азайту туралы шешім қабылдады. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, әл-Фараби ауданы, «Сәуле» ықшамауданы, Зерде көшесі, 45.

11. «Argus Realty» ЖШС, БСН 120940011110, жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Қабдолов көшесі, 1 үй, индексі 050039.

13. «Ломбард МИГ» ЖШС, БСН 151140012584, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту бойынша агенттігі микроқаржы қызметін жүзеге асыру (ломбард қызметі) лицензиясының қолданылуын тоқтату туралы ерікті өтінішін хабарлайды. Лицензия нөмірі 10.21.0020 Л 2021 жылғы 13 сәуір.

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғмыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4284,66 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 8569,32 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4506,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9012,12 ТЕҢГЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5184,66 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10369,32 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5406,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10812,12 ТЕҢГЕ

✉ zangazet@mail.ru

10. «Шығысэнерго» ЖШС қатысушыларының кезекті жалпы жиналысын өткізетіні туралы хабарлама
«Шығысэнерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Атқарушы органы орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 81/2) өз қатысушыларын Серіктестіктің Атқарушы органының шешіміне сәйкес, 2023 жылғы 26 сәуірде 11 сағат 00 минутта Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 81/2 мекенжайы бойынша «Шығысэнерго» ЖШС қатысушыларының кезекті жалпы жиналысын өткізетіні туралы хабарлайды.
Қатысушыларды тіркеу 2023 жылғы 26 сәуірде аталған мекенжай бойынша 9 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүзеге асырылады.
Жиналысқа қатысу құқығы бар қатысушылардың тізімі 2023 жылғы 25 сәуірдегі жағдай бойынша жасалады.
Жиналысты өткізу, сырттай дауыс беру тәртібі Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 47, 48-ші баптарымен реттеледі.
Күн тәртібіне келесі мәселелер енгізілген:

1. «Шығысэнерго» ЖШС-нің 2022 жылғы қызмет қорытындылары бойынша қаржылық есептілігін бекіту туралы.
2. «Шығысэнерго» ЖШС бас директорының өкілеттілігін ұзарту туралы.

Бірінші жиналыста кворум болмаған жағдайда қайта жиналыс өткізу күні – 2023 жылғы 10 мамыр.

Серіктестік қатысушылары жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі ақпаратпен (материалдармен) «Шығысэнерго» ЖШС Атқарушы органының орналасқан жері бойынша танысуға болады.

19. Kuveyt Türk Katılım Bankası A.Ş. 10 сәуір сағат 12:00-де жер учаскелері бар тұрғын үйлерді сату бойынша аукцион өткізілетіні туралы хабарлайды.
Аукцион өткізу шарттары, тәртібі және орыны туралы ақпаратты мына телефон номері арқылы алуға болады: +77015707246, Исханов Сұрхоб.

Сауда-саттыққа шығарылатын мүлік:
1. Тұрғын үй, жалпы ауданы 1171,3 ш.м, 0,1500 га жер учаскесімен бірге, мекенжайы: Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Қарғалы» ықшамауданы, Кенесары хан көшесі, бастапқы бағасы 672 322 000 теңге.

2. Тұрғын үй, жалпы ауданы 998,0 ш.м, 0,1200 га жер учаскесімен бірге, мекенжайы: Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Қарғалы» ықшамауданы, Кенесары хан көшесі, 183а, бастапқы бағасы 572 525 000 теңге.
Аукцион өткізу әдісі – ағылшын әдісі (бағаны көтеру). Кепілдік жарна бастапқы бағаның 5% құрайды. Төлем тәртібі мен мерзімдері келісім бойынша.

Республикалық «Заң газеті» мен «Юридическая газета» басылымдарының ұжымы Қандыбаева Гаухар Әбдрахманқызына әкесі

Әбдірахман Батырханұлының

мезгілсіз қазасына орай қайғысына ортақтасып көңіл айтады

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73
www.gazetysaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalydubaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нур-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директор Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов с. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argdawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

(Жалғасы, басы №20, 21 номерде)

Алматы қабат Кабир Кенжебаев туралы да, Тұрғанбай Разақов туралы да мәліметтер жиналды. Ел ішінде айтылып жүрген «Сол оқиғаны Мәтеновтің қой бағып жүрген балалары көріпті», – деген әңгімеге қатысты да жұмыстар жүргізілді. Бір айдай уақыт өткен шамада Сыздықовпен тілдесудің сәті түсті. Оны кезекті вахтадан келген Кенжебаев екеуі Алтын сарай жақта «жүз граммдап» отырған жерінен таптық. Мен оған көрінбегенім дұрыс деп шештім де, Қазыбек пен Асқар Алматы қожаны машинасына мінгізіп алды, менің машинама Кенжебаев мінді. Содан көптің қарай келе жатырмыз. Кенжебаевтің тізесі дүгірдеп отыр.

– Немене, тоңып отырсың ба? Ол селк ете қалды, арақ ішті дейтін емес, тіпті. Маған тесіле қарады. – Сен де милициясың ба? – Жоқ... Түркістандікімін. Кеше клиенттер әкелгем, мына жігіттер көмек сұраған еді. Сосын жүрмін, маған бәрібір емес пе, пұлын төлесе болды...

Ол тағы да үнсіз қалды. Көпіден бұрылып тоқтадық. Олар алда, мен артта, алдыңғы машинада үлкен тайталас жүріп жатқанын сезіп отырмын. Оның үстіне Қазыбектің анаған шынын айтқызытынына сенімім зор. Алдында үшеуіміз әңгіменің Кенжебаевтан шыққанын Алматы айтпаймыз, бұл факт кейін керек болар, әуелі «жұрттан есіттік» делік, Ордабектің үйінің қасіретін, халін айталық, иманы болса шынын айтар деп келіскенбіз. Мынаны әңгімеге тарту үшін оны-мұны айтып отырдым, онда тіл жоқ. Сол сәт «Егер Алматы Сағадатқа біздің әңгімеміз туралы бүгін жеткізсе, ол қашып кетуге талап қылмай ма?» – деген күдік қыла берді. Санамда жана бір жоспар туа бастады. Содан соң мынаны да пайдаланып көрейін, мүмкін қармақ қауып қарал деген ой келді.

– Ақша көп жігіт сияқтысың. Қыдырмайсың ба... Мен мыналардан босасам, ерте Түркістанға қайтамын. Бізде бәрі арзан. Маған пұлын төлесең болды, зыр еткізем. Әйтпесе, қашан төрт клиент тапқанша сарылып тұрамын ғой. Бұ жақта ешкімді танымаймын. Кеше мыналар жібермей, машинаға қондым...

Ол маған тесіле қарап, саусағын шошаңдатты, сірә, түрмеден оралғандардан үйренгені болар, мен түсінбедім. – Бұлар солай. Қолына бір ілікпе. Іліктің бітті, айырылмайды, сорпылдатып сорайды да отырады. Көңсең – бар жиған-тергенінді осыларға бересің, көнбесең – сотталып кетесің. Сорлы Алматы сорлайтын болды-ау енді.

– Алматың кім? – Ана машинадағы, мыналар мінгізіп алған жігітті айтам. – Қараптан – қарап сорлап не болты?

Мынау тағы үнсіз қалды. Бір кезде алдыңғы машинадан түскен Асқар бізге қарай жүрді. Мынаның түрі қашып кетті. Ол анаған байқатпай көзін қысты, мен Алматының шындықты айтағанын түсіндім. Асқар да тәжірибелі опер ғой, бір жайтты ойлап қалды-ау деймін, сәл тұрды да бізге таяп: – Машинадан түсіндер, мында келіндер, – деді. Ішімнен бұл неге керек болды екен, – деп қоямын. Ана машинадағылар да түсті, біз соларға қосылдық. Осы кезде тізгінді Асқар алды.

– Мына жігіт кім? – деді ол Алматыға Кенжебаевты көрсетіп. – Бірге жұмыс істейміз. Кеше вахтадан келдік...

– Им...Сенің фамилияң кім? – К-Кенжебаев. – Мұның бізге керекі жоқ. Бірақ бүгінгі біздің кездескеніміз туралы біреуге айтар болсаңдар қылмысты жауапқа тартамыз. Түсіндіңдер ме? Бұл шарт таксист саған да қатысты. Естідіңдер ме? Қазір екеуіңді маңағы жерге апарып тастаймыз. Ауыздарыңа ие болыңдар.

Екеуі басын шұлғыды. Кенжебаевтың лезде-ақ ажары кіріп қалды. Мен Асқардың ойын енді түсіндім. Осы әрекет арқылы ол біріншіден менің басқа жақтың адамы екенімді көрсетсе, екіншіден Кенжебаевтың бұл іске қатысы жоқ екенін айтып, Алматы оған деген күдік тұмауын қамтамасыз етіп тұр екен.

Оларды апарып тастадық, менің машинама отырып, жұмысты қорыттық. Барлығы үзіміз ойлағандай болды. Алматы бастапқыда: «Ондай әңгімені естіген жоқпын» деп қашқанмен, кейіннен жесір қалған әйелдің жайын айтқасын, құдайдан қорықты ма, әйтеуір, «Өлгі әңгімені естігенім рас еді, бірақ Сағадат ол кезде қатты мас болатын, күліс ойнап отырғанбыз, ол ылғи су жаңа ақшаларды салды да отырды. Тіпті, жігіттердің бірі: «Мына ақшалар банкіден шыққандай ноп-новый екен» – деп қалжыңдаған еді, Сағадат: «Артыңды қысып отырмайсың ба, ақшаң жоқ па шық ойыңнан, біршеудің қалтасында не шаруаң бар?» – деп шытынап шыға келді, – депті. Барлығы хаттамға түсіріліпті. Иә, бұл бір біткен шаруа болды. Мен өз болжамымды айттым: «Кәрішаловты бірден тұтқындамалық, ізін бағалық, мыналар жеткізсе, ол қашуға талап қылар, сол кезді күтелік», – деп едім, Асқар: «Айырылып қалмаймыз ба?» – деген қауіп айтып.

– Жоқ. Егер мыналар оған хабар жеткізетін болса, ол ертең сенің машинаңды іздейтіні анық. Оған ешкім білмейтін көпкімен, ешкім танымайтын шопырым кеткені тиімді емес пе. Қазеке, қалай ойлайсың? Ал, ол қашпаса мыналардың хабар айтпағаны... Бұларды да бір тексеріп аламыз. – Ту... Сенің де шығармайтының жоқ.

ҚАРА АҒАШ ТҮБІНДЕГІ ОҚИҒА

(Хикая-детектив)

Бірақ, барлығы сенің айтқандай болып келе жатыр ғой. Келістік.

Ертеңіне таксистер тұрағына сағат оннан өте келдім. Бұл кезде Ертаевтар трассадағы МАИ бекетінің маңында, Түркістанға бағыт алған көліктерді дүрбімен бақылап отырған болатын, егер менің машина фарымен берген белгімді көрсе, олар біздің алдымызға түсіп жүре беретін болып және күдіктіні Түркістанда ұстайтын болып келіскенбіз.

Машинаны тоқтатқаным сол еді, кеп-қасын баса киген, шаңырақтай қара көзілдірікті бір қатқан қайыс қара тап бола кетті. Ескіктің әйнегің қағып, ашуымды сұрады. Ішімнен «Дәу де болса Кәрішаловтың осы болар» – деп отырмын. Ол алдыңғы орындыққа отырысымен машина әйнегінің құнқағарын түсіріп қойды, көзінің астымен жан-жағына сақтықпан қарады, бет-жүзін анық көруге көзілдірік кедергі жасауда.

– Таксисің бе? – Таксимін. – Түркістанға бармақ ем. – Апарамын. Бірақ, маған әлі үш адам керек. Күтуге тұра келеді. – Мен сол төрт адамның пұлын өзім төлесе қалай болады? – Неге болмасын. Бірақ, әуелі ақысын төлейсің. Сосынғы шаруа – біздікі.

Сонымен ол ақшасын төледі де, машинаның артқы орындығына ауысып отырды. Базардың қасындағы бір үйге соға кететінін айтып еді, мен түркістандық екенімді, Жаңақорғанды білмейтінімді, өзі жол көрсетіп отыратынын айттым. Ол базар қасындағы бір үйге кіріп, он минуттан соң шықты. Үйдің мұнаймен айналғанын кәсіпкер Жәмиттің екенін біліп отырмын. Кәрішаловтың мұнымен байланысы барын, оның бәйге аттарына шабатын шабандозы әрі бапкері екенін жігіттерден естігенім ғой, енді менде жүзін қанша жасырғанмен мұның Сағадат екеніне құман қалмады.

Барлығы жоспарлағандай болды, Қазыбектер алдыда, біз соңында Түркістанға тарттық. Жол үстінде ол көзілдірігін, кеп-қасын шешті, түрін анық көріп келемін. Ауық-ауық арақ ішіп келеді, түрі кетіп қалыпты сорлының, көзінің алды қалталғанға, беті іскен. Тұсымыздан обгон жасап машиналар өтсе сразу бетін басқа жаққа бұрып кетеді. Осылай жежел жерге де жеттік.

Қысқасы оның Түркістанда бірнеше туысы бар екен, ол айтқан адресстерді жадымда сақтап, соңғы айтқан үйге ғана жеткізіп салатынымды, қалғандарының алыс екенін айттым. Түркістанға кірген Қазыбектер менің машинамың сонынан ерді, екі-үш көшеден өтпей-ақ мынау аңду барын сезіп қойды.

– Мына бір сұр «Жигули» ізімізден қалатын емес қой өзі. – Түркістан толы сұр «Жигули». Қайсысын айтасың...

Менің сөзіме құлақ асатын емес, ол қобалжи бастады. Тез әрекет ету керек болды, жылдамдықты резко бәсеңдетте бастады. Қазыбектер де түсінді ғой деймін, мен тоқтағанда олар да жетіп үлгірген еді. Машинадан енді шыға берген Кәрішаловты Қазыбек шалт қимылдап қайтадан салонға сүңгітіп жіберді. Сезіктіні алғаш осылай ұстадық. Әуелі қолын бос қойдық, кәдімгі әңгімеге шақырып едік, болатын емес. Содан арақ ішкіздік, үшеуіміз үш бағытта сұрақ қойып отырып, ойлануға мұрса бермедік.

– Ағайындар Мәтенов деген оқушыларды білесің бе? – деді Асқар. – Бүгін Тұрғанбайды көрдің бе? – деді Қазыбек.

– Осы сенің түсіңе өлген адамдар еніп жүрген жоқ па? – дедім мен.

Ананың көзі алақ-жулақ етеді, бір түрлі қырылдаған дыбыс шығарғанмен сөйлер емес. Бұдан бұрын да бірнеше рет кісі өлтірген қылмыскерлермен сөйлескенімде олар: «Өлтірген адамымыз түсімізге кіріп, ұйықтатпайды» – дегені есіме түсіп, сезікті осы бағытта сұрақтың астына алдым. Бір кезде ол: «Арақ беріңдерші» – деді, мен Асқарға ымдадым, ол станқанға құймақ болып еді, мынау бөтелкені алды да, көмейіне құя салды. Осыдан соң барып қана манадан бергі естіліп тұрған қырыл үннің орнына «Уһ...Алла-ай» – дегенді есіттік.

– Сонымен, біраздан кейін ол Әнесұлын өлтіргенін мойындады. Арғы жағы маңағы айтқанындай болып кетті ғой.

– Сонда не үшін өлтіріпті? Ондай әрекетке бару үшін себеп керек қой? – Еренсіп қалдық, арты төбелеске ұласты. Содан кейін не істеп, не қойғанымыз білмеймін, ашу қысқаннан ғой... – дейді.

– Жақсы-ы-е... «Нұржол» ауылына да кеп қаппыз ғой.

– Ал, енді жеңгейге өзімізді кім деп таныстырамыз. Бұл ауылда әңгіме жатпайды. Былтыр Ертаевтармен алғашқы келгеніміз жайлы сол күні-ақ РОВД-ға жетіпті, мені шопыр деп айтқанымыз және Асқардың да келгені дұрыс болыпты, «Бір шопыр бар екі млітиса Ордабектің үйіне келіп кетіпті» – деген хабар гу ете қалды ғой...



– Апырмай...ә? Біздің мұнда келгеніміз РОВД-ға белгілі болмағаны дұрыс еді. Мұны қалай ескермегенбіз. Нұреке, онда бұл жолы да сенің әдісіңе көшейік. Журналистер едік дейік, камерамыз бар... Сен бұрыннан таныс шопырсың. Бәрі қатып тұрған жоқ па. Аналар журналистерді іздеп бүліне берсін. Оған дейін де біз істі біраз еңсеріп тастаймыз ба... – Келістік. Алла, істің сәтін бере гөр!

6. Тайталас

Марқұмның әйелі бұларды ортаңғы бөлмеде күтіп отыр екен, төрге салынған көнеуле құрақ көрпеге тізе бүгісімен Орынбек қазақ салтымен көңіл айтты, өздерінің теледидар қызметкері екенін, отағасының қазасына қатысты журналистік зерттеу жасап жүргендерін жеткізді.

– Уу-Аһ... Не дейін... Ордекең кісі қолыңан кетті ғой, қарағым. Ауданнан бастап Президентке дейін арызданып жүрмін, бұл бір қағынған заман болды ғой, кейбіреулер тіпті маззақ қылуға айналды. «Өлер адам – өлді, алты жыл өтті, енді қоймайсың ба, босқа шаршап...» – деп ақылгөйсіндер де бар... Беу, сорлы Ордекең-ай...Здеушісінің сиқы мен ғой, қайтейін...

– Уу-Аһ... Ағаларың барда талай-талай мықтылардың дәм татқан шаңырағы еді бұл. Қазіргі күйі осы... Шай қояйын. Оған шейін мына қағаздарды қарай беріңдер, керегін сүгіретке түсіріп алыңдар, барлығы 557 бет, млітиса Қазыбектің ақылмен нөмірлеп қойдым. Сендерге сенем ғой...

Орынбек қағаздарды қарауға кірісті, кейбірін камераға да түсіріп алуда. Сәлден соң ол жүйесіздей жазылған, түсініктен гөрі баянхатқа келетін оқушы дәптерінің екі парағын қолына алды.

– Ореке, бұл өзіңе айтқан Кенжебаевтың жазбасы ғой.

– Кенжебаевты содан кейін қозғаған жоқсыңдар ма?

– Жоқ. Оны қайтеміз. Сағадаттың өзі кісі өлтіргенін мойындап тұрғасын, біз оны онша қажет қыла қоймадық.

– Осыны толық түсіріп алайықшы. Мына тұста Сағадат «Ордекеңнің қалтасынан шыққан бобыраған ақшаны Тұрғанбай алды», – деп айтты деп жазылыпты. Ол не қылған ақша?

– Онысын білмедім. Біз бұған назар да аудармаппыз. Сағадат мойындап отырғасын, керегі бола қоймас деп ойлағанбыз.

– Ақша... Бұл не қылған ақша? Мал бағып жүрген адамның қалтасында мұнша ақша қайдан жүр? Осы жерде бір гөп бар. Бұл мәселені басқа жаққа бұратын сияқты өзі. Мұны тексеру керек... Нұрлан, мынаны анықтамаса болмайды.

Бәленің басы сол ақшада жатқан жоқ па екен?

– Қарақтарымыз... Жайымыз осы. Бұрын талай мықтыларды күткенбіз, қазір «Бәлду-бәлду бәрі өтірік» болып тұр. Қайтеміз, көңілге алмандар.

– О не дегеніңіз. Ықыласыңызға не жетеді, Алла разы болсын!

Нұрлан жеделдетіп: «Жеңгей, мына тілші жігітке бар блетіңізді, естіген-сезгеніңізге баяндап берсеңіз дұрыс болар еді», – деп қолқа салды. Орынбек әлі де маңағы ой жетегінде отыр еді, әңгіме арасында сол ойдағы күдіктер тайталасын тексеріп өтуді жөн көрді.

– 1993-94 жылдар өте қиын болды ғой елге. Біз де шет жағасын көрдік. Сабан ақша десек те, сол кезде тіпті қолына ақша ұстамағандар да болды ғой.

– Уу-Аһ... Болды ғой...Біз де ол кезде ақша көрмедік, елдің айлығына колхоз өлейін деп тұрған тоқты-торымын беріп құтылатын еді. Бастықтар ақша болатын тана, қашар, өгіздерді алатын, оны Ордекең айтатын. Бақташы болғасын біледі ғой. Кейде сол білгені бәле болды ма деп ойлаймын. Бірде Жаңақорғаннан қызулау келді. Түрі алабұртып тұр екен. «Ау, папасы, бүгін біртүрлі болып отырсың ғой», – деген едім, қабағы түйіле түсті. Сосын маған қарап: «Саспа Тонпақ! Біздің де дүрлідейтін кезіміз таяп қалды», – деді... Есіме түссе ішім... қайнап кетеді. Алла-ау...

– Елде ақша болған жоқ дейсіз ғой ол кезде?

– Е, шырағым! Сол ақша дегенің бізде әлі де жоқ. Осы ауыл да, мына көрші колхоз да ақшаның мөрің тоқсан сегізден кейін ғана көрді.

«Иә... Елде ақша жоқ кезде далада мал бағып жүрген марқұмның қалтасындағы бобыраған ақша қайдан келген? Сағадаттар марқұмның үйіне не мақсатпен келді екен? Марқұм әйеліне «Біздің де дүрлідейтін кезіміз жақын» – деп неге айтты, нені мәңзеді? Бұл жерде біз білмейтін бір сыр жатқан сияқты ғой. Неге сол кезде бұл іс қысқаруға кетті?»

7. Күтпеген бетбұрыс

Жол бойы Орынбекті әлгі бір «Бобыраған ақша» жайы мазалаумен болды. – Нұрлан... Сәл кідірейікші.

Машина жол шетіне тоқтағасын ол ойын ортаға салды.

– Нұрлан, ана үйде де айтып едім ғой, маған мана айтылған ақша жайы маза бермей келеді. Шынында да марқұмның қалтасында бобыраған ақша болған ғой?

– Иә, солай. Анау солай деп жазып отыр.

– Осы оқиғаның түпкі себебі – ақша болып жүрмесін. Мен ақша дегенді тағы бір жерде естідім ғой осы. Иә...иә... сенің әңгіменен... Сағадат карта ойынына ылғи су жаңа ақшалар салыпты деп айтты деген жоқсың ба?

– Иә, Алматы Сыздықовтың түсінігінде дәл солай жазылған.

– Олай болса, мұның барлығы тегін емес. Біз онда ең алдымен Қазыбекпен ақылдасайық, негізі оның біраз жайтты білетіні байқалады.

Қою тұман мен көк жүзін торлаған қалың бұлттан мезгілдің қай уақ болғанын, не тұс, не кеш екенін де аңғару қиын. Бұлар Жаңақорғанға кірген кезде әуелі қар жауып, соңынан жауын бір құйып өткен еді, кәдімгідей қақ тұрып қалыпты, машина көшедегі лай су мен балшықты кеше Сағадатты құпия ұстап отырған үйдің алдына келгенде, күртесі суға малшыған біреу қақпа алдына шықты. Бұл Қазыбек еді. Ол бұларды үйге емес, қарсы беттегі сарайға қарай бастады. Бірінен екіншісіне өтетін екі бөлмелі сарай кәдімгі тұрғын үйге бергісіз, төсек-орны түгел, ұқыпты жандар қарауында екенін аңғартқандай. Екі есікті де қымтай жауып барып Ертаев сөз бастады.

– Ана пәшес үйдің төргі бөлмесінде әңгіме соғып отыр, ішіп-жемі мол. Қасында Асқар бар, одан қам жемейде. Ореке, мына времянка біздің шабымыз.

Ол қарқылдап бір күліп алды да, әңгімесін жалғады.

– Мына паразиттер сенен күдік ала бастады-ау. Артына бұрыш қыстырғандай шапқылап кетті. Мен сендер қонып қала ма деп қорқып едім, жаңбырмен араласып көзге түспей келіп қалғандарың жақсы болды. Өзгекте телефон соғу керек шығар, ол жақты ескертіп қоймасқа, бұлар тағы бірден шығарып жүрер. Осы мені алаңдатып отыр.

– Мұның дұрыс ақыл болды, Қазеке. Мен ағайдікіне телефон соғайын, көліктің реті келіп, ары өтіп кеткенімді, Көктөбе ауылында, қайынжұртта екенімді айтайын, «Қайтарда соғамын» дейін. Әйтпесе бұларға Өзгекке хабарласу түкке тұрмайды. Уацктовойға тапсырса бітті ғой.

– Ал... Көктөбеге телефон соқса қайтесің?

– Біріншіден, ол жақпен байланыс өте нашар, ең шалғай, Түркістанмен шекаралас ауыл ғой. Екіншіден, ол ауылға арнайы белінген участковой жоқ, екі-үш ауылға бір штат. Үшіншіден, әкімің де, участковойың да біздің қайынжұрттың есігін ашуға қорқады, арызға ілініп кетеміз бе деп аулақ жүреді. Біздің шал мен қайнағаларды білесіңдер ғой...

– Онда, дұрыс... Айтпақшы, ол жақтың участковойы осында жүр, түсте көрдім, мал ұрлығы бойынша сотқа келіпті. Значит, сәт келіп тұр екен. Осы үйде телефон бар, қазір кірейсік.

– Иә, әуелі осыны бітірейік, сосын әңгімелесу керек бол тұр, Қазеке.

– Әрине. Мұның Өзгекке телефон соғуы мұң екен, ағасы ұрыса жөнелді:

– Шырағым-ау, қайда жүрсің? Сені келеді деп күткелі талай заман өтті ғой. Түгіскенге бара жатқан көлікке мінгенімді есіттік, содан жоқсың, обедті ішпей әрі күтеміз кеп, бері күтеміз кеп...

– Ассалаумағалайкүм! Үй-іші аман ба? Өткенде Көктөбеге бара алмай қалғам, не дегенмен қаза ғой, шалдың немере інісі, ұят болар деп машинаның реті келіп, құдаңызға қарай өтіп кеттім. Өрі көңіл айтайын, мұсылмандық, күйеу балалық міндетімді өтейін, екіншіден оларға да бармағалы жарты жылдай болыпты, сәлем берейін деп ойладым. Мүмкіндік болып жатса Майдамтал ар жағында тиіп тұр, шалды ертіп, құран бағыштап қайтам ба, көремін. Ертең кешке қарай, кері қайтарда үйге соғамын ғой.

– Ой, бізді қойшы, ана көк көз тапал ушасковой екі рет келіп кетті сені іздеп. Дәулетовті айтам, онсыз да жүргенде екі қолы саңып соғып жүретін сорлы еді, енді тіпті тыпырлап қалыпты, мұрны делдігенде баланың жұдырығы сыйып кеткендей боғ, аққан терін сүртіп үлгіре алмай жүр. Жайшылық па?

– Аманшылық. Командировкаға келгенмін Жаңақорғанға. Ол тағы келіп жатса айтарсың менің хабарымды, күтіп әуре болмасын.

Телефонды орнына қойғаны сол еді, Ертаев ашуға булығы сөйлей жөнелді.

– Көрдің бе...Бұл паразиттер ме...Бұл паразиттер бар ғой, пәшестен де жанан. Бұлардың кислородын жауып тастау керек, сонда көрер ем қысылағанын... Сені іздеуді бастағаны... Қайта құдайымыз бар екен. Енді жүрсін сол қиларын атып. Ана көк көз қазір Таймановқа звандап өліп жатқаны шығар, сорлы онсыз да өсекке жақын қасқа еді, мына бастықтың нағыз құлағы болып алды.

– Бұл жолы да шаруа оңынан болған сияқты Қазеке. Енді мынаны айтшы, осы іске қатысты құжаттардың барлығы өзінде сақтаулы ғой.

– Иә. – Ал, «марқұмның қалтасынан бобыраған ақшаны Тұрғанбай алды деп Сағадат айтты» – деген Кенжебаевтың түсінігі, Алматы Сыздықовтың Сағадаттың карта ойынына, күліске су жаңа ақша салып отырғаны туралы түсінігі де сенде ғой.

– Әрине, барлығы сақтаулы, тіпті, протоколдарына дейін тігулі. Бұл құжаттарды бұрынғы тергеушілер іске қатысы жоқ деп алып тастаған. Тіпті, түсіндіре алмадық қой... Күйде екенсің тіпті...

– Ал сол оқиға болған шамада аса ірі мөлшердегі ұрлық болған жоқ па? Немесе ақшаға қатысты адамдарға байланысты оқиға болған жоқ па?

– Оны неге сұрадың? Орынбек өз күдігін айтып. Қазыбек сәл ойлануы отырды да:

– Өзім де осы тұсқа бір соғар деп отырғанмын. Ақша жайы мені де көп ойландырған, бірақ, сол тұста ауданда да, облыста да аса ірі мөлшердегі түгіл, тіпті ақша ұрлығы атаулы тіркелмеген. Ойбай-ау, қайдан тіркелді, халықта көк тиын ақша болмаса?! Мен де күдіктендім, дөвөтканың жігіттермен бірге астыртын іздетіргенбіз, сол оқиғадан бір жарым ай бұрын банктен тек «Өскен» колхозына ғана төрт айдың айлығы бөксатылыпты. Жеті миллион сом ақша... Ауданда басқа бірде-бір колхоз, не мекеме ақша алмаған. Бірақ, колхоздың құжаттарын тексердік, барлық ақша таратылған, ведомостары қойылған қолдар дұрыс. Маған позоритылыно болғаны – ақша таратылған күні кассир мен колхоздың «Уаз» көлігін жүргізуші жігіттің мас болып, машинамен дарияға батып кеткені. Мұны сен де естіген шығарсың?

– Иә. Шофер банктен ақша алуға жіберілген көліктің жүргізушісі екен, екеуі де удай мас деп есіттік.

– Денесін шығарып, экспертизаға бердік қой, бірде-бір зорлық белгісі жоқ, тіпті денелеріне сызат та түспеген, тек арақтан ұланған, денедегі арақтың көптігі сондай бұл судан алып шыққанда да арақ саңып жатты. Адамның мұндай мөлшерде арақ ішкенін бірінші көруім және бір емес, екеуі де сондай деңгейде. Техникалық сараптама да көліктің ештеңесі сынбағанын, техникалық күйі жақсы екенін көрсетті. Бұған не дерсің, күдіктенесің де қоясын. Бастықтар «істі жап» деп ойбайын салған соң барлығы мастықтың салдарынан деп қорытынды жасты. Сонымен ол жағдай сол жабулы күйінде қалды.

– Апыр-ай, ә? – Мен де күдіктеніп, сондағы құжаттың бәрін түсіріп алғанмын.

– Керемет болды. Солармен танысып шықсам... Мен Сағадат жасап отырған қылмыс пен әлгілердің суға кетуі байланысты емес пе екен деп отырмын.

– Дәлелің бар ма? – Марқұмның қалтасындағы бобыраған ақшалар, Сағадаттың картаға салған ақшалары қайдан шықты? Осылар